РУХАНИЯТ



«ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІНІҢ ҰСТАЗДАРЫ

7

КЕЙІПКЕР



ДҮНИЕЖҮЗІН МОЙЫНДАТҚАН ДАСТАН

8

№9 (159)
12.05.2026
СЕЙСЕНБІ

Munara

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!
Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз
Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі қауым!

Сіздерді Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Айт қабыл болсын! Баршаңызға мол бақыт, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен жұмыстарыңызға береке тілеймін.

Құрбан айт – исі мұсылман баласының ең ұлық мерекелерінің бірі. Өйткені ол – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардан бастау алатын бұл мереке Алланың әміріне шәксіз мойынсұнудың нағыз көркем үлгісін паш етеді.

Аллаға деген шынайы адалдық пен мойынсұнуға тәрбиелейтін бұл мейрам мұсылман баласын тақуалыққа жетелейді. Бұл туралы қасиетті Құранда: **«Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың** (шынайы ниеттерің)», – делінген («Хаж» сүресі, 37-аят). Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Бұл – Жаратқанның мейіріміне жақындаудың, тақуалық пен жан тазалығын арттырудың, мұқтажға қол ұшын созып, сауапқа кенелудің мерекесі. Айт күндері адамдар бір-біріне кешіріммен қарап, бауырмалдық пен жанашырлықтың үлгісін көрсетеді. Сондықтан Құрбан айт – тек діни мереке ғана емес, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайтатын рухани мейрам. Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айтта мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын.


Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Құрбан айт күні республика деңгейінде қайырымдылық іс-шараларын жүзеге асырады. Барша халықты сауапты іске үлес қосуға үндеймін.

Қасиетті айт күндері әр шаңыраққа береке, әр отбасыға амандық тілеймін. Алла Тағала шалған құрбандықтарыңызды, жасаған дұға-тілектеріңіз бен игі амалдарыңызды қабыл етсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Жаратқан Иеміз халқымызға бақ-береке, мол ризық, ынтымақ пен татулық нәсіп етсін! Құрбан айт мерекесі құтты болсын!

ҚҰРБАНДЫҚҚА ҚАНДАЙ МАЛ ШАЛЫНАДЫ?

АЛЛА ТАҒАЛА ҚАСИЕТІ ҚҰРАНДА: «ӘМ БІЗ ӘРБІР ҮМБЕТКЕ ӨЗДЕРІНЕ РИЗЫҚ ЕТІП БЕРГЕН ТҮЛІК МАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ АЛЛАНЫҢ ЕСІМІН ЕСТЕРІНЕ АЛУЛАРЫ ҮШІН ҚҰРБАНДЫҚ ОРНЫН ЖАСАДЫҚ», – ДЕГЕН («ХАЖ» СҮРЕСІ, 34-АЯТ). СОНДЫҚТАН КЕЗ КЕЛГЕН МАЛ ҚҰРБАН ШАЛУҒА ЖАРАМАЙТЫНЫН БІЛУ КЕРЕК. ҚҰРАН АЯТЫНА САЙ, ҚҰРБАНДЫҚҚА ТӨРТ ТҮЛІК, ЯҒНИ ҚОЙ, ЕШКІ, СИЫР, ТҮЙЕ ҒАНА ШАЛЫНАДЫ. БҰЛАРДЫҢ ЕРКЕГІ ДЕ, ҰРҒАШЫСЫ ДА, ТАРТТРЫЛҒАНЫ ДА, ТАРТТЫРЫЛМАҒАНЫ ДА ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМДЫ.

3



ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

МҰСЫЛМАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ҰЛЫҚ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БІРІ – ҚАСИЕТТІ ҚҰРБАН АЙТ. БҰЛ КҮНДЕР – ҚУАНЫШ ПЕН ШАТТЫҚТЫҢ, РУХАНИ ТАЗАРУ МЕН ІЗГІ АМАЛДАРДЫҢ КЕЗЕҢІ. ӘРБІР МҰСЫЛМАН ҮШІН ҚҰРБАН АЙТ –ЖАРАТУШЫҒА ЖАҚЫНДАП, МЕЙІРІМ МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРАТЫН ЕРЕКШЕ МҮМКІНДІК.



3

АЛАШ және ДІН

КЕЙІНГІ КЕЗДЕРІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ДІННЕН АЛЫС ЕТІП КӨРСЕТКІСІ КЕЛЕТІН ТОПТАР ПАЙДА БОЛДЫ. АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ МЕН ИСЛАМ ДІНІН ЕКІ БӨЛЕК ҚАРАСТЫРЫП, ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН БАСТАҒАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ДІНГЕ ҚАРСЫ ҚОЮҒА ТЫРЫСАТЫН ӘРЕКЕТТЕРДІ БАЙҚАП ЖҮРМІЗ. ТІПТІ ҚОҒАМҒА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ МҰСЫЛМАН БОЛМАҒАН ДЕГЕН ПІКІРДІ ТАҢЫП ЖАТҚАНДАР ДА ЖОҚ ЕМЕС.



Шынтуайтында Алаш қозғалысынан дінді түбегейлі алып тастау тарихи әділетсіздік болар еді. Себебі дін ісі қозғалыстың бір тармағы ретінде қатар жүрді. Алаш қозғалысының қанат жайып, алға басуына дін қайраткерлері де бір кісідей үлес қосты. Сол себепті ұлт қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының: «Қазақтың молдалары бір жағынан дінді үйретсе, екінші жағынан балаларға хат танытуды үйретті (соңғы жұмыс үшін орыстарда учитель дегендер болушы еді). Қысқасын айтқанда, орыстың поптары мен қазақтың молдаларын бір көзбен өлшеуге болмайды. Олай болса, орыстар поптарын жамандайды, біз де молдаларды жамандайық деудің қисыны жоқ», – деп жазғанындай, имам-молдаларды баскөз жоқ тілдей берген жарамайды. Себебі алаштанушы ғалым Ербол Тілешов айтқандай, «Алаш қозғалысының өрістеуіне, халқымыздың бостандық, теңдік идеяларының төңірегіне топтасуына діни қайраткерлердің де ықпалы айрықша болды». Хазіреттер, ахун-ишандар, имам-молдалар қозғалыстың бел ортасынан табылып, дін ісімен қатар ұрпақ тәрбиесімен айналысып, ұлт болашағы үшін аянып қалмады. Осы орайда Алаш қозғалысындағы Ислам дінінің, дін адамдарының орны тақырыбына ойысайық.


(Жалғасы 7-бетте)

ҚАЖЫЛЫҚ: ТҮП ТАРИХЫ МЕН МАҢЫЗЫ

ҚАЖЫЛЫҚ, ЯҒНИ ҚАСИЕТТІ САПАР – ИСЛАМ ДІНІНДЕ ПАРЫЗ ЕТІЛГЕН ҚҰЛШЫЛЫҚТАРДЫҢ СОҢҒЫСЫ. НАМАЗ, ОРАЗА ЖӘНЕ ЗЕКЕТ СЕКІЛДІ, ОЛ ДА АДАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІН БЕКЕМДЕП, АЛЛАҒА ТОЛЫҚ БОЙСҰНЫП ӨМІР СҮРУГЕ ДАЙЫНДАЙДЫ. «ҚАЖЫЛЫҚ» СӨЗІ ҚАСИЕТТІ БІР МЕКЕНГЕ БАРУДЫ НИЕТ ЕТУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ. СОЛ СЕБЕПТІ ШАРИҒИ МАҒЫНАДА МЕККЕДЕГІ ҚАҒБАНЫ ЗИЯРАТ ЕТУ «ҚАЖЫЛЫҚ» ДЕП АТАЛАДЫ. ҚАЖЫЛЫҚ ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ? АРДАҚТЫ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (ОҒАН АЛЛАНЫҢ САЛАУАТЫ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ИІСІ МҰСЫЛМАНҒА МӘЛІМ ЗАМАНЫНА ДЕЙІНГІ ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫ ҚАНДАЙ?

Қажылықтың түпкі тарихы Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың өмірінен бастау алады. Бұл өмір ғибратқа толы әрі қажылықтың шынайы мәні мен маңызын айқын көрсетеді. Қажылықтың адамға әкелетін пайдасын толық ұғыну үшін осы тарихты білген абзал. Қай мұсылман, қай христиан немесе қай яһуди Ибраһимнің есімін білмейді? Дерек бойынша адамзаттың үштен екі бөлігі оны өздерінің рухани жетекшісі деп таниды. Мұса, Иса және Мұхаммед пайғамбарлар – оның ұрпақтары. Оның жаққан тура жол шамшырағы ұзақ уақыт бойы бүкіл әлемді нұрға бөлеп келді.

Ибраһим осыдан төрт мың жылдан астам уақыт бұрын қазіргі Ирак аумағында дүниеге келген. Ол заманда адамдар Жалғыз Алланы ұмытқан еді. Ешкім Оны өз Раббысы деп мойындамады, ешкім Оған шынайы беріліп, бойсұнып өмір сүрмеді. Ибраһим дүниеге келген халық ғылым мен өнерде, өндіріс пен ауыл шаруашылығында әлемде ең алдыңғы қатарда болғанымен, рухани тұрғыдан ең терең адасушылық пен надандыққа батқан еді. Технологиялық дамуына қарамастан,



олар бір қарапайым ақиқатты түсіне алмады: жаратылған ешбір нәрсе құлшылыққа лайықты бола алмайды. Пұтқа табыну қалыпты құбылысқа айналды. Бал ашу, сықыршылық сияқты ырымдар кең тарады.

(Жалғасы 5-бетте)

ҚАРИЛАР АЛҚАСЫ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Астана қаласында Қарилар алқасының кезекті отырысы өтті. Жиын Құран оқумен басталып, күн тәртібіне сәйкес өзекті мәселелер қаралды.

Басқосу барысында ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы заманауи қоғамда Құран ілімін насихаттаудың стратегиялық маңызын атап өтті. «Қазіргі қоғам – ақпарат ағыны жылдам, құндылықтар алмасып жатқан кезең. Осындай уақытта Құран ілімі рухани бағдарымыздың темірқазығы болуы тиіс. Жастарымызды түрлі ағымнан, теріс идеологиядан қорғаудың ең тиімді жолы – оларға Құранды дұрыс үйрету, оның мағынасын санасына сіңіру. Құранды тек жаттап қана қоймай, оның мәнін түсініп, өмірде қолдана білетін буын қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз. Осы ретте қарилар дайындау орталықтарының рөлі ерекше. Бұл орталықтар Құранды жатқа білетін қариларды ғана емес, оны жүрегімен сезінетін, қоғамға жеткізе алатын тұлғаларды тәрбиелеуі тиіс. Сондықтан бізге бұл бағыттағы жұмысты жаңа деңгейге көтеру қажет» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сонымен қатар Діни білім және кадр дайындау бөлімінің меңгерушісі Хасан Аманқұлов Құран жаттау орталықтарының жаңа жарғысын таныстырып, әдістемелік ережені бекіту мәселесін ұсынды. Құран секторының меңгерушісі Серік Ахмет Рамазан айының қорытындысы мен байқауларды ұйымдастыру тәртібімен таныстырса, Теміржан Мұратов қариларды даярлау ісінің қазіргі жағдайы мен болашағына тоқталып, саладағы өзекті бағыттарды атап өтті. Жиын соңында қатысушылар еркін пікір алмасып, ұсыныстарын білдірді.

ЖАҢА КІТАПТАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елордада ҚМДБ жанындағы «MUFTIYAT» баспасынан жарық көрген «Иман мағынасы» кітабының 9-томы, «Бәдәл қаж» еңбегінің 4-басылымы, «Ислам энциклопедиясының» III томы мен Ислам Қаюпов, Бағлан Шежімбай дайындаған «Имам Әбу Ханифаның хадистегі орны» кітаптары көпшілікке таныстырылып, тұсауы кесілді.

Салтанатты іс-шараға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, шетелдік дипломаттар мен дін қызметкерлері қатысты. ҚМДБ Төрағасы өз сөзінде діни әдебиеттерді әзірлеу мен насихаттаудың маңызына тоқталды. «Мүфтият құрылған күннен бастап рухани-ағартушылық бағыттағы жұмыстардың бір тармағы ретінде кітап шығару ісіне айрықша мән беріп келеді. Бүгінде «MUFTIYAT» баспасы арқылы 90-ға жуық еңбек жарық көрді. Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай жүзеге асырылып жатқан «35 айтулы шара» жоспары аясында «Рухани кітап айлығы» жобасын бастадық. Бұл бастама кітап оқу мәдениетін арттыруға, діни сауатты нығайтуға бағытталған» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сонымен қатар жиын барысында ҚМДБ-ның рухани-ағартушылық бағыттағы жобалары таныстырылып, арнайы бейнеролик көрсетілді. Тұсаукесерге қатысқан зиялы қауым өкілдері жаңа еңбектердің ел руханияты үшін маңызын атап өтіп, игі бастамаға қолдау білдірді.

АУДАРМАШЫЛАР АЛҚАСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының төрағалығымен аудармашы ғалымдар мен исламтанушы мамандардың қатысуымен жиын өтті. Басқосуда Діни басқарма жанынан Аудармашылар алқасы құрылды.

Жиын барысында ҚМДБ Төрағасы: «Қазіргі таңда рухани бай мұрамызды жүйелеу, оны қоғамға түсінікті әрі сенімді түрде жеткізу – аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Әсіресе жаһандану дәуірінде, сан түрлі ақпарат көздері көбейген уақытта халқымызға асыл дініміздің шынайы мазмұнын дұрыс әрі дәл жеткізу – үлкен жауапкершілік. Классикалық еңбектерді қазақ тіліне аудару арқылы дәстүрлі Ислам ілімін бұрмалаудан сақтап, дұрыс түсінік қалыптастырамыз», – деді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі Исламды дәріптеу маңызды екенін айтқан болатын. Осы мақсатта құрылып отырған Аудармашылар алқасы дәстүрлі дінімізді насихаттауға, діни-ағартушылық бағыттағы аударма жұмыстарын жетілдіруге, қазақ тіліндегі сапалы діни әдебиеттер қорын көбейтуге, және оқырманға мазмұны терең, сенімді еңбектер ұсынуға үлес қоспақ.

ТҮРКІ МҮФТИЛЕРІ ӘЗЕРБАЙЖАНДА БАС ҚОСАДЫ

Түркі мемлекеттері ұйымына қарасты Мүфтилер алқасы жанындағы Пәтуа кеңесінің онлайн форматта кезекті мәжілісі өтті.

Кеңес отырысына ҚМДБ тарапынан наиб мүфти, Шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай Құрбанұлы, Бас мүфтидің кеңесшісі Смайыл Сүйеркұлұлы, Аппарат басшысы Ғылымбек Жәдігерұлы, Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Батыржан Берденұлы, Шариғат және пәтуа бөлімінің мамандары Медет Құрмашұлы мен Елбек Қожамұратов қатысты.

Басқосуға жиналған ғалымдар мен пәтуаға жауапты мамандар алда келе жатқан Құрбан айт мерекесін, сондай-ақ биыл Әзербайжанда өтетін түркі мемлекеттері мүфтилерінің алқалы мәжілісінде қаралатын тақырыптарды талқылады. Отырыс соңында әр тарап алдағы уақытта күн тәртібіне қойылатын тақырыптар ұсынды.

ҚМДБ ҰЖЫМЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ЕЛОРДАДА ДІН МЕН ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР ҮНДЕСТІГІН НАСИХАТТАУҒА АРНАЛҒАН «ӘЗ-НАУРЫЗ – ЫРЫС ПЕН БІРЛІК МЕРЕКЕСІ» АТТЫ АУҚЫМДЫ РУХАНИ-МӘДЕНИ ШАРА ӨТКІЗДІ.

Қазақстан халқының бірлігі күнімен тұспа-тұс ұйымдастырылған мерекелік басқосуға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Сенат пен Мәжіліс депутаттары, зиялы қауым өкілдері, көршілес мемлекеттердің елшілері, дін қызметкерлері және конфессия өкілдері қатысты.



Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ *(фото)*

ҚМДБ Төрағасы өз сөзінде: «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы діни мерекелермен қоса ұлттық мейрамдарды да лайықты дәрежеде атап өтуге назар аударып келеді. Өйткені халқымыз кең көлемде атап өтетін Наурыз мерекесінің тәрбиелік мәні үлкен. Ұлттық мейрамда ақ дастарқан басында үлкендер батасын беріп, бірін-бірі көптен көрмеген туыстар мәре-сәре болып, ал ренжіскендер кешірім жолын ұстанып, ізгі істерімен ұрпаққа өнеге көрсетеді. Бұл күнде қоршаған ортаны тазалау, ағаш егу, бұлақтың көзін ашу сынды сауапты һәм салауатты амалдар жүзеге асады. Мұндай өнегелі іске өскелең ұрпақты жұмылдырудың маңызы үлкен. Наурыз – барша адамзатты бірлікке, игілікке, мейірімділікке үндейтін мереке», – деді. Сондай-ақ ҚМДБ Төрағасы жамағатты Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтады. «Қоғамның даму жолында халықтың бірлігі қашан да қымбат құндылық болған. Ислам діні барша ұлтты татулықта, өзара құрмет пен келісім аясында өмір сүруге үндейді. Жаратушы Жаппар Иеміз қасиетті Құранда адамзат баласына: **«Алланың жібінен мықтап ұстаңдар, ажырап бөлінбеңдер»,** – деп бұйырған («Әли Имран» сүресі, 103-аят). Дана халқымыз «Ырыс алды – ынтымақ» дейді. Бірлігі бекем елге береке орнайды. Төле бидің «Бірлік болмай, тірлік болмас» деуі де тегін емес. Қожа Ахмет Ясауи қандай да халықтың кемелдік пен еркіндікке жетуі үшін ең әуелі заман қажет дейді. Заманның мазмұны – тыныштық. Екінші шарт – макан. Оның мазмұны – Отан. Отансыз еркіндіктің де, тыныштықтың да мәні жоқ. Үшінші шарт – бауырмалдық», – деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Бас мүфти сонымен қатар барлық дін қызметкерлерін ел ішіндегі бірлік пен рухани тұрақтылықты нығайту жолында белсенді қызмет етуге үндеді.



Мерекелік іс-шарада Қырғыз елінің Қазақстандағы елшісі Құдайберген Базарбаев, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов, Дін істері комитеті төрағасының орынбасары Мақсат Раманқұлов пен конфессия өкілдері сөз сөйледі.

Іс-шара барысында арнайы құрылған киіз үйлерде қазақ халқының салт-дәстүрлері мен қонақ күту мәдениеті таныстырылып, келген меймандарға ұлттық тағамдар ұсынылды. Мерекелік жиын ел ішіндегі татулық пен өзара құрметті нығайту, Наурыз мерекесінің рухани әрі мәдени құндылығын кеңінен дәріптеу, сондай-ақ дін мен дәстүр сабақтастығын кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

«Әз-Наурыз – ырыс пен бірлік мерекесі» іс-шарасы барысында Бас мүфти сондай-ақ «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі – пәтерге» жобасы аясында 9 перзент тәрбиелеп отырған отбасыға 909-баспананың кілтін табыстады. Сонымен қатар «Өмірге үміт сыйла» жобасы аясында ауыр дертке шалдыққан Сағадат Бағдатұлының еміне 1 000 000 теңге көлеміндегі қайырымдылық сертификатын табыстады. Бұдан бөлек еліміз бойынша 125 оңалту орталығы заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, 10 орталықтың емдік дене шынықтыру (ЛФК) кабинеттері толық жаңартылды. Жоба аясында №11 оңалту орталығына медициналық құрал-жабдық сертификаты табысталды.

ЖЫРШЫ-ТЕРМЕШІЛЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ





АСТАНАДА ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «БАБАЛАР СӨЗІ – ДАНАЛЫҚ КӨЗІ» АТТЫ IV РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЫРШЫ-ТЕРМЕШІЛЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА БАС МҮФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ, СЕНАТ ЖӘНЕ МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ, ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ, КӨРШІЛЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЕЛШІЛЕРІ, ДІН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН КОНФЕССИЯ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Жиында сөз алған ҚМДБ Төрағасы: «Жыршы-термешілер – халықтың шежірешісі, жүректің үнін жеткізуші. Сіздер елдіктің, ынтымақ пен имандылықтың жаршысы болып келесіздер. Қазақ даласында жыраулар тек өнер иесі емес, халықтың ақылгөйі, ел тірегі, руханият жанашыры болған. Сондықтан сіздерге артылған жауапкершілік үлкен. Ислам дінімен сабақтасқан ұлттық өнеріміз адамзатқа ізгілік пен адамгершілікті насихаттап келеді», – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Іс-шара барысында еліміздің әр өңірінен келген жыршы-термешілер өз өнерін ортаға салды. Атап айтқанда Ерболат Шалдыбеков, Фархат Оразов, Темірбек Асқамбаев, Елмұра Жаңаберген, Қылышбек Сынабай, Мәриям Кетебаева, Әділбек Сарин, Оспан Құлсымақ, Әділхан Қуаңбаев және Күнсұлу Түрікпен ізгілікке арналған жыр-термелерді шебер орындап, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады.

Кеш барысында қазақтың жыраулар мектебінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген белгілі жырау Алмас Алматов ортаға шақырылды. Бас мүфти жырауды мерейлі 70 жасымен құттықтап, иығына шапан жапты. Сондай-ақ барлық өнерпаздар Бас мүфтидің алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, мінәжат жырларын жаңғыртуды мақсат еткен бұл фестиваль төртінші рет республикалық деңгейде ұйымдастырып отыр. Бұған дейінгі фестивальдар 2022, 2023 және 2025 жылдары өткізілген болатын.

«ИСЛАМ ТАРИХЫ» МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ

ҚМДБ ҒИМАРАТЫНАН «ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ИСЛАМ ТАРИХЫ» МҰРАЖАЙЫ АШЫЛДЫ. МҰРАЖАЙДЫҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ БАС МҮФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ, СЕНАТ ЖӘНЕ МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ, ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ, ҚМДБ-НЫҢ ҒҰЛАМАЛАР ЖӘНЕ САРАПШЫЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

«Халқымыздың сан ғасырлық рухани мұрасын, имани құндылықтарын, тарихи жадымызды жаңғыртатын ерекше игі істің куәсі болып отырмыз. Діни басқармада Ислам өркениетінің әр дәуірінен сыр шертетін, қасиетті жәдігерлер мен сирек қолжазбаларды бір арнаға тоғыстырған тарихи мұражайдың ашылуы ел руханияты үшін аса маңызды оқиға деп санаймын.



Бұл мұражай тек өткеннің куәсі ғана емес, болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар беретін тарихи тағылым орталығы болмақ. Мұнда қойылған әрбір жәдігер – халқымыздың жүріп өткен жолының айғағы, әрбір қолжазба бабаларымыздың даналығы мен ілімінің көрінісі. Шын мәнінде, біздің тарихымыз Ислам дінімен біте қайнасқан. Соның айқын дәлелі – Қарахан мемлекеті дәуірінен бастау алатын рухани өрлеу кезеңі. Бұл кезеңде Ислам діні мемлекеттік деңгейде қабылданып, мешіттер мен медреселер салынып, ғылым мен білім дамыды. Осы дәуірден жеткен Құран қолжазбалары мен діни еңбектер – бүгінгі ұрпақ үшін баға жетпес қазына» деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Іс-шара аясында Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры Төрәлі Қыдыр сөз сөйлеп, жаңадан ашылған мұражайға құнды жәдігерлерді сыйға тартты.

Айта кетейік, мұражайда қазақ жеріне Ислам дінінің келуі, оның тарихи дамуы, ұлт руханиятымен сабақтастығы, қазақ даласынан шыққан ғұламалардың мұрасы, діни-ағартушылық бағыттағы құнды жәдігерлер мен тарихи деректер көпшілік назарына ұсынылды.

ІЗГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Мұсылман жұртшылығы асыға күтетін ұлық мерекелердің бірі – қасиетті Құрбан айт. Бұл күндер – қуаныш пен шаттықтың, рухани тазару мен ізгі амалдардың кезеңі. Әрбір мұсылман үшін Құрбан айт –жаратушыға жақындап, мейірім мен қайырымдылықты арттыратын ерекше мүмкіндік.



Ата-бабаларымыз бұл мерекені айрықша қадір тұтып, айт күндері ең жақсы киімін киіп, ағайын-туыс, көрші-қолаңды аралап, ізгі тілегін білдірген. «Айт қабыл болсын!», «Айт құтты болсын!» деген ақжарма лебіздер адамдардың бір-біріне деген ықыласын арттырып, қоғамда жылылық орнатқан. Балаларға айттық беріп, үлкендерге құрмет көрсету – осы күндердің ажырамас дәстүрі. Мұның бәрі – жүректегі тақуалықтың, адамгершіліктің көрінісі. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Кім Алланың белгілерін ұлықтаса, шындығында, ол – жүректің тақуалығынан»,** – деген («Хаж» сүресі, 32-аят).

Құрбан айттың түп-тамыры терең тарихтан бастау алады. Бұл мереке Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың ұлы Исмайылды Алланың әмірімен құрбан ету оқиғасымен байланысты. Ұлы Жаратушының бұйрығына толық мойынсұнып, шынайы иман танытқан әке мен баланың бұл сынақтан сүрінбей өтуі – күллі мұсылман қауымына үлгі. Соның нәтижесінде Алла Тағала ұлдың орнына қошқар түсіріп, құрбандық шалуды адамзатқа сауапты амал ретінде бекітті. Құранда бұл туралы: **«Уа, Ибраһим! Расында, түсіңді шындыққа шығардың. Шын мәнінде, игілік істеушілерді осылай сынаймыз»,** – деп айтылған («Саффат» сүресі, 104-аят). Осылайша, құрбан шалу – пайғамбарлардан жалғасқан сүннет әрі бүгінгі мұсылман үмбетіне аманат болған құлшылықтың бір түрі.

«Құрбан» сөзі «жақындау» деген мағынаны білдіреді. Яғни бұл амал арқылы адам баласы Алланың разылығына жақындап, жүрегін тазартуға ұмтылады. Құрбан шалудың міндет болуы үшін белгілі шарттары бар. Атап айтқанда: мұсылман болу; Құрбан айт уақытында жолаушы болмау; негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болу. Шариғатымызда нисап мөлшері дегеніміз – 85 грамм алтын яки соның құнына тең келетін ақша. Алайда құрбан шалудың міндет болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға зекет-тегідей бір жыл толу шарт емес. Бұл – шамасы жететін жандарға жүктелген міндет. Ал жағдайы келмегендер үшін бұл міндет емес, бірақ ниет етіп орындаса, сауапқа кенеледі.

Құрбан айттың басты мәні құрбандық шалумен ғана шектелмейді. Оның астарында үлкен рухани және қоғамдық мағына жатыр. **Біріншіден,** бұл – Жаратушыға жақындаудың жолы. Құрбандықтың еті мен қаны Аллаға жетпейді (яғни Алла оған мұқтаж емес), мұнда пенденің ықыласы мен тақуалығы қабыл болады. Құранда: **«Аллаға құрбанның еттері, қандары әсте жетпейді. Бірақ сендердің тақуалықтарың жетеді»,** – деп ескертілген («Хаж» сүресі, 37-аят). Сондықтан бұл амалды орындауда шынайылық пен ниет тазалығы аса маңызды.

Екіншіден, құрбандық шалу адамды сараңдықтан арылтып, жомарттыққа тәрбиелейді. Адам өзіне қымбат дүниесін Алла жолында құрбан ете отырып, нәпсісін жеңуді үйренеді. Мұқтаж жандарға көмек беру арқылы жүрегінде мейірім қалыптасады.

Үшіншіден, бұл мереке қоғамдағы бірлік пен бауырмалдықты нығайтады. Құрбандықтың еті туыстарға, көршілерге және жағдайы төмен адамдарға таратылып, олардың да қуанышқа ортақтасуына себеп болады.

Дәстүр бойынша, құрбандықтың еті үшке бөлінеді. Бір бөлігі – отбасыға, бір бөлігі – туыстар мен көршілерге, ал үшінші бөлігі – мұқтаж жандарға. Бұл – қоғамдағы теңдік пен жанашырлықтың айқын көрінісі.

Бірде ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасы қой сойып, оның етін садақа ретінде таратады. Сол кезде Алла елшісі: «Қойдың қанша бөлігі қалды?» – деп сұрағанда, Айша анамыз (оған Алла разы болсын): «Қойдың бір қолынан басқа ештеңе қалмады», – деп жауап береді. Сонда ардақты Пайғамбарымыз: «Қойдың бір қолынан басқасының бәрі бізге қалды», – деп айтсайшы деген екен. Мұндағы мағына сауап туралы айтылған.

Сонымен қатар құрбандыққа ең жақсысын шалған дұрыс. Яғни қандай нәрсе болмасын, Алла жолында сауап үшін берілген кезде сол заттың ең жақсысын берген жөн. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Уа, иман келтіргендер! Тапқандарыңның және Біз сендерге жерден шығарып бергеніміздің жақсыларынан** (садақа етіп) **жұмсаңдар. Әрі көздеріңді жұмып тұрып болмаса, өздерің де алмайтын нашар нәрсені жұмсауға талпынбаңдар. Алланың аса Бай, өте Мақтаулы екенін біліңдер»,** – деп айтқан («Бақара» сүресі, 267-аят).

Құрбан айт күндері мұсылмандар таңертең ерте тұрып, айт намазына жиналады. Намаздан кейін бір-бірін құттықтап, ізгі тілегін айтып, құрбан шалу рәсімін орындайды. Бұл күндері адамдар арасында реніш ұмытылып, татулық пен кешірім үстем болады. Айта кетерлігі, Құрбан айт күні ораза ұстауға болмайды. Бұл күн – қуаныш пен шүкірлік күні. Мұсылмандар бұл уақытта Алланың берген нығметіне алғыс айтып, игі, сауапты істермен айналысуы тиіс.

Көп адамдар «Құрбан айт күні ауыз бекіту қажет пе?» деп сұрап жатады. Шариғат бойынша айт күні ораза ұстауға рұқсат етілмейді. Өйткені хадисте: «Алла елшісі адамдарға ораза және құрбан айт күндері ораза ұстауға тыйым салатын», – деп айтылған (Бұхари). Тағы бір хадисте: «Ардақты Пайғамбарымыз Ораза айт күні тамақ ішпей шықпайтын еді, ал Құрбан айт күні намаз (айт) оқығанша, тамақ ішпейтін еді», – деп айтылған (Термизи). Бұл жерде Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасиетті Құрбан айттың алғашқы күнінің таңында сол күнгі ең алғашқы дәм ретінде құрбандық малының дәмін тату үшін айт намазға ешнәрсе жемей баратыны айтылған.

Құрбан айт – тек діни рәсім ғана емес, адамды рухани кемелдікке жетелейтін, қоғамды ізгілікке бастайтын ұлы мереке. Бұл күндері жасалған әрбір жақсы іс, айтылған әрбір жылы сөз – сауаптың еселенуіне себеп.

Алла Тағала баршамыздың ниетімізді қабыл етіп, келе жатқан Құрбан айтты берекелі де мүбәрак етсін!

Батыржан МАНСҰРОВ,
ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі

> *Бірде ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) отбасы қой сойып, оның етін садақа ретінде таратады. Сол кезде Алла елшісі: «Қойдың қанша бөлігі қалды?» – деп сұрағанда, Айша анамыз (оған Алла разы болсын): «Қойдың бір қолынан басқа ештеңе қалмады», – деп жауап береді. Сонда ардақты Пайғамбарымыз: «Қойдың бір қолынан басқасының бәрі бізге қалды», – деп айтсайшы деген екен. Мұндағы мағына сауап туралы айтылған.*

● ҚҰРАН ІНЖУЛЕРІ

«Нәмл» сүресі

«Нәмл» сөзінің мағынасы «құмырсқалар» дегенді білдіреді. Бұл сүренің құмырсқа аталуына Сүлеймен (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың қиссасы себеп болған. Алла Тағала аталған сүренің 18-аятында құмырсқа жайында былай деген: «Сөйтіп олар құмырсқалы алқапқа келіп жеткенде бір құмырсқа: «Уа, құмырсқалар! Дереу илеулеріңе кіріңдер! Сүлеймен мен оның әскері сендерді байқамай таптап кетіп жүрмесін», – деп жанұшыра жар салды». Бұл сүрені басқаша «Һудһуд» (Бәбісек) немесе «Сүлеймен» сүресі деп атайды.

РЕТТІЛІГІ, АЯТ САНЫ

Құранда реттілігі жағынан 27-сүре, аят саны – 93. «Шұғара» сүресінен кейін Мекке қаласында түскен. 26-аятында сәжде аяты бар. «Бісміллә» сөзі екі рет келген сүре. Құранның 19-20-парасында, 376-385 беттерде орналасқан.

ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ

Бұл сүреде Мұса, Сүлеймен және Салих (оларға Алланың сәлемі болсын) пайғамбарлар мен олардың қауымдары, дінге шақырудағы негізгі ұстанымдары баяндалады. Әсіресе Сүлеймен пайғамбардың оқиғасы тереңірек қамтылған. Сүлеймен пайғамбардың Сәсә елінің патшайымы Балқисты хақ дінге шақыруы, Мұса пайғамбардың мұғжизалары зікір етілген. Сүреде Алланың құдіреті, жын әлемі жайында және олардың мұсылман, кәпір болып бөлінетіні айтылған.

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Кейбір ғалымдар «Нәмл» сүресін үйде құмысқа қаптап кеткенде оқуға болатынын айтқан. Оған сүренің мына аятын келтіреді: **«Сөйтіп олар құмырсқалы алқапқа келіп жеткенде бір құмырсқа: «Уа, құмырсқалар! Дереу илеулеріңе кіріңдер! Сүлеймен мен оның әскері сендерді байқамай таптап кетіп жүрмесін», – деп жанұшыра жар салды»** («Нәмл» сүресі, 18-аят).

ІНЖУЛЕРІ

«...Ақыретке сенбейтіндерге келсек, (күпірлігі себепті) **олардың барлық** (жағымсыз) **ісі мен қылығын өздеріне кереметтей, жағымды етіп көрсеттік. Олар** (жүректері өлі болғандықтан, дүниенің қу тіршілігін ғана ойлап), **мәңгіріп жүре береді»** («Нәмл» сүресі, 4-аят).

«...Илаһи Кітапты терең меңгерген ерекше ілім иесі: «Мен сағаң оны көзіңді ашып-жұмғанша әкеліп беремін!» – деді. Сол-ақ екен, Сүлеймен әлгі алып тақтың дәл қасына әкеліп қойғанын көргенде: «Бұл –Раббымның маған деген шарапаты. Шүкір етемін бе, жоқ әлде (мұны өзім істедім деп) **астамшылық қыламын ба, соны көрейін деп мені сынап жатыр. Кімде-кім шүкір етсе, өзі үшін шүкір етеді. Ал кім астамшылық қылса** (яғни алғыс айтуды білмесе), **шүбәсіз, Раббым – түгесілмес байлық иесі, ешкімнің алғысына мұқтаж емес әрі өте кең, асқан жомарт», – деді»** («Нәмл» сүресі, 40-аят).

«Сондай-ақ (ақиқатты көрмейтін) **көрсоқырлардың да адасқан бетін бері бұрып, тура жолға түсіре алмайсың. Үндеуіңді тек** (өз бойларындағы һәм жалпы болмыстағы) **аяттарымызға, айқын дәлелдерімізге илануға һәм ақиқатқа мойынсұнуға бейім жандарға ғана естіртесіңсің»** («Нәмл» сүресі, 81-аят).


«Тауларға қарап, оларды бір жерде тапжылмай тұр екен деп ойлайсың. Әйтсе де олар да бейне бір бұлттардың көшкеніндей көшіп жатыр. Міне, бұл – барлық нәрсені кемеліне келтіріп, мінсіз етіп жасайтын Алланың шеберлігі. Шүбәсіз, Ол не істеп, не қойғандарыңнан толық хабардар» («Нәмл» сүресі, 88-аят).

«Кімде-кім сол күні Оның дәргейіне (барлық күнәсынан арылып) **тек жақсылықпен** (игі істерімен) **келсе, оған одан да қайырлысы** (яғни күткенінен де артық сый-сияпат) **беріледі. Сондай-ақ олар сол күні ғаламат қорқыныштан да аман болады»** («Нәмл» сүресі, 89-аят).

Дайындаған
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ

АЛЛА ТАҒАЛА ҚАСИЕТІ ҚҰРАНДА: «ӘМ БІЗ ӘРБІР ҮМБЕТКЕ ӨЗДЕРІНЕ РИЗЫҚ ЕТІП БЕРГЕН ТҮЛІК МАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ АЛЛАНЫҢ ЕСІМІН ЕСТЕРІНЕ АЛУЛАРЫ ҮШІН ҚҰРБАНДЫҚ ОРНЫН ЖАСАДЫҚ», – ДЕГЕН («ХАЖ» СҮРЕСІ, 34-АЯТ). СОНДЫҚТАН КЕЗ КЕЛГЕН МАЛ ҚҰРБАН ШАЛУҒА ЖАРАМАЙТЫНЫН БІЛУ КЕРЕК. ҚҰРАН АЯТЫНА САЙ, ҚҰРБАНДЫҚҚА ТӨРТ ТҮЛІК, ЯҒНИ ҚОЙ, ЕШКІ, СИЫР, ТҮЙЕ ҒАНА ШАЛЫНАДЫ. БҰЛАРДЫҢ ЕРКЕГІ ДЕ, ҰРҒАШЫСЫ ДА, ТАРТТЫРЫЛҒАНЫ ДА, ТАРТТЫРЫЛМАҒАНЫ ДА ҚҰРБАНДЫҚҚА ЖАРАМДЫ.

ҚҰРБАНДЫҚҚА ҚАНДАЙ МАЛ ШАЛЫНАДЫ?



Біріншіден, малдың күйіне байланысты. Құрбандыққа семіз әрі еті дәмді малды шалған абзал. Әл-Бәһути бұл жайында былай дейді: «Сүннет бойынша құрбандыққа малдың семізі мен жақсысын шалған дұрыс. Өйткені Алла Тағала Құранда: **«Кім Алланың осы белгілерін ұлықтаса, күдіксіз ол – жүректің тақуалығынан»,** – дейді («Хаж» сүресі, 32-аят). Ибн Аббас: «Құрбандық малының семіз әрі жақсы болғаны Алланың белгілерін ұлықтауға жатады. Өйткені оның сауабы мол және пайдасы көбірек болады», – деген («әл-Муғни», 11/99)».

Екіншіден, малдың жынысына байланысты. Құрбандыққа төрт түлік малдың ұрғашысы да, еркегі де жарамды. Екеуінің қайсысын шалса да, ешқандай айырмашылық жоқ. Дегенмен кейбір ғалымдар ірі қараның ұрғашысын құрбандыққа шалған абзал дегенді айтады («Радду әл-мухтар», 9/466-467). Алайда бұл пікір сол уақыттағы адамдардың жағдайына және қоғамның мүмкіндігіне қарай айтылған. Себебі ол кезде жерді жырту үшін өгізді пайдаланатын. Өгіз өте қат болғандықтан, ұрғашы мал союды абзал санаған. Сол себепті ұрғашысын шалу керек деген міндет жоқ.

Үшіншіден, малдың жасына байланысты. Ешкінің және қойдың жасы бір жылдан асып екінші жылға кірсе, сондай-ақ алты айлық марқа қозы (бір жасар қой секілді) ірі, қоңды болса, құрбандыққа жарамды. Алайда ешкі малының жасы бір жылдан кем болмауы керек («Рәдду әл-мухтар», 9/465). Сиырдың екі жасқа толып, үшінші жылға кіргенін, ал түйенің бес жылдан асып, алтыншы жылға кіргенін құрбандыққа шалуға болады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құрбандыққа шалынатын малдардың жасын нақтылап кеткен. Яғни түйе – бес жыл, сиыр – екі жыл, қой мен ешкі – бір жыл. Бір жасар қой секілді ірі әрі семіз алты айлық марқа қозының құрбандыққа жарамды екенін Алла елшісі былай баяндаған: ***«Малдың тек мусиннасын құрбандыққа шалыңдар. Егер сендерге мұны шалу қиындық болса қойдың жазағасын бауыздаңдар»*** (Мүслим, №1963). Түйенің мусиннасы деп – бес жасарына, қара малдың – екі жасарына, қойдың бір жасарына айтылады. Бұл үкім тек қойға ғана қатысты. Ірі қара семіз болса да, екі жылға толмаса, құрбандыққа жарамайды. Сондай-ақ құрбандыққа жылқы шалуға болмайды. Өйткені хадистерде құрбандыққа шалынатын малдың төрт түліктен болуы керектігі нақты көрсетілген. Имам Нәууи: «Құрбандықтың дұрыс болу шарттарының бірі – төрт түлік мал болуы. Олар – түйе, сиыр, қой және ешкінің барлық түрі. Төрт түліктен басқа жабайы сиыр, жабайы есек және одан басқаларының еркегін де, ұрғашын да құрбандыққа шалуға болмайды», – деп шегелеп айтқан («әл-Мәжмуғ», 8/364-366). Сол секілді жабайы сиыр, жабайы есек (зебра), елік, тауық, үйрек, қаз, түйетауық секілді т.б. аң-құстар да құрбандыққа жарамайды. Алла Тағала қасиетті Құранда: **«Һәм Біз әрбір үмбетке өздеріне ризық етіп берген түлік малдары арқылы Алланың есімін есіне алуы үшін құрбандық орнын жасадық»,** – деген («Хаж» сүресі, 34-аят). Сол себепті төрт түлік малдан басқасы құрбандық орнына жүрмейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бен оның сахабалары төрт түліктен басқа малды құрбандыққа шалмаған («Фәтху әл-қадир», 9/97).

Төртіншіден, малдың бүтіндігіне байланысты. Құрбандыққа шалынатын мал түрлі айыптан, кемшіліктен ада болуы шарт. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Төрт мал құрбандыққа жарамайды. Олар – соқырлығы айқын, ауруы анық, ақсақтығы мәлім, жілік майы таусылған*** (тым арық) ***мал»,*** – деген (Нәсаи, Термизи, Әбу Дәуіт). Малдың бір аяғы ауырып, ақсақ болса да жүре алса, ондай малды құрбандыққа шалуға болады. Егер жарақаттанған аяғын жерге қоя алмай үш аяқпен жүрсе немесе аяғын жерге қойып, бірақ жүргенде оған салмақ салмаса, сондай-ақ аяғы сынған не кесілген мал құрбан шалатын жерге жете алмаса, мұндай малды құрбандыққа шалуға болмайды («Радду әл-мухтар», 9/468). Сол секілді тумасынан құлағы жоқ (үштен бірі, одан да көп бөлігі), қос мүйізі немесе бір мүйізі түбінен сынған, тістері мүлдем жоқ (жартысы, одан да көп тісі), екі көзі немесе бір көзінің үштен бірі (одан да көп бөлігі) соқыр, тумасынан құйрығы жоқ (үштен бірі, одан да көп бөлігі), желіндерінің ұшы жоқ малды құрбандыққа шалуға болмайды. Ал құлағына ен салынған, құлағы ұзынынан немесе ұшы ғана кесілген, мүйізі жартысынан бөлінген немесе туғаннан мүйізі жоқ, бірлі-жарым ғана тісі жоқ, көзі қыли, тарттырылған малды құрбандыққа шалуға болады.

Дайындаған
Бауыржан ӘБДУӘЛІ



ҚҰРБАН АЙТ – МҰСЫЛМАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ҮШІН АЛЛАҒА БОЙСҰНУ МЕН ТАҚУАЛЫҚТЫҢ, ІЗГІЛІК ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ АЙРЫҚША КӨРІНІСІ САНАЛАТЫН ҚАСИЕТТІ МЕРЕКЕ. БҰЛ КҮНДЕРІ ЖАҒДАЙЫ ЖЕТКЕН МҰСЫЛМАНДАР ҚҰРБАН ШАЛЫП, МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА ҚОЛ ҰШЫН СОЗЫП, САУАПТЫ ІС ЖАСАУҒА ҰМТЫЛАДЫ. АЙТ ҚАРСАҢЫНДА ҚҰРБАНДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ «ҚАНДАЙ МАЛ ШАЛЫНАДЫ?», «ҚҰРБАНДЫҚ КІМГЕ МІНДЕТ?», «БІР МАЛҒА НЕШЕ АДАМ ОРТАҚТАСА АЛАДЫ?» ДЕГЕН СЕКІЛДІ ТҮРЛІ САУАЛ ТУЫНДАЙДЫ. ОСЫ ОРАЙДА ҚҰРБАНДЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢ КӨП ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА ШАРИҒАТ НЕГІЗІНДЕ ЖАУАП БЕРІП, ОҚЫРМАНҒА ПАЙДАЛЫ МӘЛІМЕТ ҰСЫНУДЫ МАҚСАТ ЕТТІК.

ҚҰРБАНДЫҚ ЖАЙЛЫ СҰРАҚ-ЖАУАПТАР

Сұрақ: Біреу ірі қараны сатып алған соң оған серіктесуге бола ма?

Жауап: Егер біреу түйе немесе сиырды өзі құрбан шаламын деп сатып алған болса, одан кейін оған алты адам серіктессе, құрбандық дұрыс болады. Бұл Ханафи мәзһабында негізге алынатын көзқарастың бірі саналады. Ал имам Зуфар дұрыс емес дейді. Өйткені ол құлшылық үшін тағайындалған. Одан кейін оның ешнәрсесін сатуына болмайды деген («әл-Мәбсут», 6/171; «Фәтху бәби әл-инәя», 3/73).

Сұрақ: Айт намазы оқылатын жердегі адам құрбандық малын айт оқылмайтын ауылға барып сойса, қай уақытта шалады?

Жауап: Айт оқылатын жерде тұратын адам құрбандығын шалу үшін



оны айт намазы оқылмайтын бір ауылға жіберсе, онда құрбандығын сол ауылда таң атқаннан кейін шалса дұрыс болады. Өйткені құрбан шалу мәселесінде иесінің тұратын жері емес, құрбан шалынатын жер есепке алынады («әл-Муфассал фи әл-фиқһи әл-Ханафи», 1/216). Ал егер құрбан шалатын адам өзі айт оқылмайтын жерде болып, шалынатын малы намаз оқылатын жерде болса, онда малды айт намазын оқып болғаннан кейін шалады («әл-Мәбсут», 6/171).

Сұрақ: Құрбан малын алдын-ала сатып алу керек пе?

Жауап: Құрбан шалынатын малды алдын-ала белгілеп немесе сатып алып, бағып-баптау – мұстахаб. Өйткені бұл – құрбан шалуға дайындық. Алдын ала дайындалған құрбан малының жүнін қырқуға, сүтін саууға болмайды («әл-Фәтәуа әл-Һиндия», 5/371).

Сұрақ: Құрбандық малын сатып, орнына басқасын алуға бола ма?

Жауап: Егер бір кісі құрбан шаламын деп мал сатып алса, кейін оны сатып, орнына дәл сол секілді басқасын алуға болады. Бұл – имам Әбу Ханифа мен имам Мұхаммедтің көзқарасы («Бәдәиу әс-сәнәйығ», 4/216). Хаким ибн Хизамнан жеткен риуаятта: «Пайғамбарымыз бізге құрбан малын сатып алу үшін бір динар берді. Біз бір динарға бір қой сатып алып, кейін оны екі динарға саттық. Сосын қайтадан бір динарға бір қой сатып алып, Пайғамбарымызға бір қой мен бір динарды алып келдік. Алла елшісі динарды садақа етті де, саудамызға береке тілеп, дұға қылды», – делінген (Әбу Дәуіт). Бұл хадис құрбан шалу үшін алған малды сатып, кейін оның орнына басқасын алуға болатынын білдіреді.

Сұрақ: Сыйға берілген малды құрбан шалуға бола ма?

Жауап: Егер бір кісіге ұлы немесе туысқаны не басқа адамдар сыйлық ретінде төрт түліктің бірін берсе, ол соның мүлкі саналады. Оны қалағанынша жұмсай алады. Қаласа, өзінің қажетіне жаратады. Қаласа, құрбан шалады.

Сұрақ: Құрбан малын ниет етіп сойған соң, садақа етуге бола ма?

Жауап: Құрбан шалудағы негізгі міндет – бауыздау. Ал (етті) садақа ету – сүннет амалы. Құрбан шалушы еттің барлығын жеуіне немесе сақтап қоюына болады. Дәулетті адам жағдайы жақсы болса да тәбаррук мақсатында ол еттен жеуі – мұстаһаб. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Егер кімде кім құрбан шалса, оның етінен жесін»,*** – деген (Табарани). Тағы бір хадисте Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Құрбан шалған адамның құрбандығынан әрбір адам жесін»*** (Табарани). Жағдайы орташа адамдар үштен бір бөлігін өздері алып, үштен бірін мұқтаждарға садақаға таратып, ал тағы үштен бірін (туыстарына, дос-жаранына, көрші-қолаңына) таратуы – мандуб іс. Алла Тағала қасиетті Құранда былай деген: **«Құрбанның етінен өздерің жеңдер әрі пақыр-міскіндерді тамақтандырыңдар»** («Хаж» сүресі, 28-аят). Себебі бұл күні дәулеттісі де, кедейі де Алланың қонағы болып саналады. Сондықтан Алла үшін сойған құрбандығын жейді, таратады және садақа етеді. Құрбан шалған адам аса дәулетті болмаса және отбасында адам саны көп болса, онда құрбандықтың етін түгелдей өзінің отбасына қалдыра алады. Әл-Кәсани: «Етті өзінің бала-шағасына қалдырып, оларға жұмсағаны жақсырақ. Өйткені оның және отбасының қажеттілігі басқа адамдардың қажеттілігінен жоғарғы орында тұрады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Бірінші өзіңнен баста, кейін басқаға бер»,*** – деген («Бәдәиу әс-санайығ», 5/81).

Сұрақ: Қасапшының ақысын құрбан етінен беруге бола ма?

Жауап: Қасапшыға құрбандық малын сойғаны үшін ақы алуына рұқсат етіледі. Алайда оның ақысы ретінде сойылған малдың терісін беруге болмайды. Оның ақысы бөлек белгіленуі керек. Әлиден (оған Алла разы болсын) жеткен риуаятта: «Алла елшісі түйелер құрбандыққа шалынған уақытта басында тұруымды және терісі мен жүнін таратуымды әмір етті. Оларды қасапшының ақысы ретінде беруге маған тыйым салды. ***«Қасапшының ақысын өзіміз береміз»,*** – деді» делінген (Мүслим, Әбу Дәуіт). Ал құрбандықтың ішек-қарынын, етін қасапшыға сыйлық ретінде беруге болады («әл-Муфассал фи әл-фиқһи әл-Ханафи», 1/218).

Сұрақ: Малды құбылаға қаратпай союға бола ма?

Жауап: Малды құбылаға қаратып сою – мұстаһаб («әл-Бәхру әр-райық», 8/194; «әл-Һидәя шәрху әл-бидәя», 4/66; «Бәдәиу әс-сәнәйығ», 4/219). Себебі Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) құрбандықты құбылаға қаратып сойған. «Мәтну Әбу Шужәғ» атты кітапта: «Малды бауыздарда бес нәрсені жасау мұстаһаб болады: «Бисмилләһи Аллаһу Акбар» сөзін айту, Пайғамбарымызға салауат айту, малды құбылаға қарату, тәкбір айту, Алладан қабыл ет деп дұға ету», – делінген («Мәтну Әби Шужәғ», 1/347). Нәфиғтан жеткен риуаятта: «Абдулла ибн Омар құбылаға қаратпай сойылған малдың етін жеуді мәкруһ санаған», – делінген («Мусаннаф Абдураззақ», 4/489). Себебі малды бауыздарда міндетті түрде бір жаққа қаратып сояды. Құбыла – тараптың ең жақсысы. Сондықтан малды құбылаға қаратып сойған жақсы («әл-Истизкәр», 4/246; «Мәуәһибу әл-жәлил», 4/331; «әл-Мәжмуғ», 9/83-86).

Сұрақ: Құрбан шалғаннан кейін оқылатын арнайы намаз бар ма?

Жауап: Құрбан шалғаннан кейін оқылатын арнайы намаз жоқ. Одан кейін міндетті түрде намаз оқу керек деген пікір – қате. Алайда мәкруһ уақыттардан тыс, себебі болсын немесе болмасын, нәпіл намаз оқуға болады. Осы қағидаға орай құрбандық шалған адам малды бауыздағаннан кейін Аллаға шүкір ретінде екі рәкағат намаз оқуына қарсылық жоқ (әл-Жумһурияту әт-Туркия, Риясату әш-шууни әд-динияти, «әл-Фәтәуа», 372).

Сұрақ: Құрбан айт күндерінен тыс сойылатын құрбандық түрлері бар ма?

Жауап: Құрбан айт күндерінен тыс уақытта сойылатын мынадай құрбандық түрлері бар. Біріншісі – ақиқа құрбандығы. Ақиқа сөзі араб тілінде «жаңа туған нәрестенің шашы» дегенді білдіреді. Ал шариғаттағы мағынасы «сәбидің дүниеге келуіне орай Алла Тағалаға шүкір ретінде сойылатын құрбандық» дегенге саяды. Екіншісі – нәзір құрбандығы. Нәзір деп мұсылман баласының белгілі бір шарттар орындалған жағдайда бір малды құрбандыққа шаламын деп уәде етіп, сол уәдеге сай шалынатын малға айтылады. Мысалы, ауырып жатқан адам «осы ауруымнан айықсам, бір қойды құрбандыққа шаламын» деп ниет етсе, ауруынан айыққан кезде сол қойды құрбандыққа шалуы уәжіп (міндет) болады. Нәзір ретінде шалынған малдың етін шалған адамның өзі, балалары, немерелері, әке-шешесі, тіпті ата-әжесі де жеуге болмайды. Түгелдей садақа ретінде кедей-кепшікке таратуы керек. Ал ақиқа құрбанының етінен шалған адамның өзі жей алады, қаласа садақа етеді.

Сұрақ: Бір нәрсеге қол жеткізгенде шүкір ретінде құрбан шалуға бола ма?

Жауап: Мұсылманға амандығы үшін немесе бір нығметке қол жеткізгені үшін Аллаға шүкір ретінде құрбан шалға болады. Алайда міндетті емес. Тек нәзір еткен болса ғана сою керек. Ханафи мәзһабында таматтуғ немесе қиран қажылығында бір маусымда қажылық пен ұмраны қосып орындағаны үшін сойылатын малды да Аллаға шүкір ретінде бауыздалған құрбан малы деп атайды (әл-Жумһурияту әт-Туркия, Риясату әш-шууни әд-динияти, «әл-Фәтәуа», 377).

Сұрақ: Құрбан малын бауыздайтын уақытта ниетті тілмен айту шарт па?

Жауап: Құрбандық дұрыс болу үшін ниет ету шарт («әл-Муфассал фи әл-фиқһи әл-Ханафи», 1/217). Яғни шынайы ықыласпен Аллаға құлшылық ету мақсатында ниет ету керек. Ниеті дұрыс болмаса, сауабы да болмайды («Радду әл-мухтар», 9/454). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): ***«Амалдардың қабыл әрі сауапты болуы ниетке байланысты. Кімде кім неге ниет етсе, оның қарымтасын алады»,*** – деген («әл-Муфассал фи әл-фиқһи әл-Ханафи», 1/217). Ниеттің орны – жүрек, тілмен айту талап етілмейді. Бастысы мұсылман адам малды құрбандыққа шалып жатқанын білсе болғаны.

Сұрақ: Мал бауыздарда қандай дұға оқылады?

Жауап: Малды бауыздалмай тұрып төменде келтірілген аяттарды оқыған абзал: **«Жүзімді мені керітартпа діндерден алыстатып, көктерді және жерді жаратқан әлемдердің Раббысына бағыттадым»** («Әнғам» сүресі, 79-аят); **«Былай де: «Менің намазым да, түрлі ғибадатым да, өмірім мен өлімім де үнемі әлемдердің Раббысы Аллаға тән. Оның серігі жоқ. Маған айтылған бұйрық – осы. Оған алғашқы болып бас иген де менмін»** («Әнғам» сүресі, 162-163 аяттар). Құрбандықты шалғанда малдың басын құбылаға қаратып: «Бисмиллаһ! Аллаһу әкбар!» деп үш рет айтып бауыздау – мұстаһаб (Самарқанди, «Тухфәту әл-фуқаһа», 3/66). Одан кейін жоғарыдағы аяттарды оқиды.

Сұрақ: Малды бауыздағанда «Бисмилләһи Аллаһу Акбар» деп айту міндет пе?

Жауап: Мал бауыздарда Алланың есімін атау шарт (Мәусули, «әл-Ихтияр», 4/228). Алла Тағала Құранда: **«Ендеше, тізіліп тұрғанда** (құрбан шалар кезде) **оларға Алланың атын айтыңдар»,** – дейді («Хаж» сүресі, 36-аят). Жәбирден жеткен риуаятта былай делінеді: «Пайғамбарымызбен мешітте Құрбан айтты бірге оқыдым. Ол құтпа айтып болған соң мінберден түсті. Бір қошқарды алып келді. Алла елшісі оны өз қолымен бауыздап жатып: «Бисмилләһи Аллаһу Акбар» деп, бұл менің және құрбан шала алмаған үмбетімнің атынан» деді» (Термизи, Әбу Дәуіт, Ахмад). Мүслимнің риуаятында «Бисмилләһ» деп қана келген (Мүслим). Малды бауыздау үшін «Аллаһу акбар», «Аллаһу әғзам» секілді Алланы зікір ету сөздермен союға болады (Ибн Абидин, «Радду әл-мухтар», 9/437). Сондай-ақ бауыздау мақсатында Аллаға мадақ (Әлхамдулилаһ) немесе тәсбих (Субханаллаһ) сөзін айтса, мал адал болады. Егер түшкіргеннен кейін «Әлхамдулилаһ» айтып сойса, дұрыс болмай қалады (әс-Сағужи, «әл-Фиқһ әл-Ханафи уә әдилләтуһу», 2/201-203). Десе де мал соярда «Бисмилләһи Аллаһу Акбар» деп айту – мұстаһаб (Ибн Абидин, «Радду әл-мухтар», 9/437). Егер малды бауыздарда Аллаға дұға ететін немесе Алладан сұрайтын мағынадағы сөздерді айтса, мысалы «Уа, Алла! Мені жарылқа» дегендей, дұрыс болмайды (әс-Сағужи, «әл-Фиқһ әл-Ханафи уә әдилләтуһу», 2/203). Сондықтан құрбан малын «Бисмилләһи Аллаһу Акбар» деп бауыздайды. Дегенмен белгілі бір себеппен тек «бисмилләһи» сөзін ғана немесе «Аллаһу акбарды» ғана айтса, мал адал болады.

Сұрақ: Бисмилләны қасапшыдан басқа біреу айтса бола ма?

Жауап: Бисмилләны малды сойып жатқан адамның айтуы шарт (Ибн Нужәйм, «әл-Бәхру әр-райық», 8/193; Алиш, «Мәнәху әл-жәлил», 2/429; Ширбини, «Муғни әл-мухтаж», 4/272; Бәһути, «Шәрху мәнтәһә әл-ирадәт», 3/421). Жанында тұрған адамның айтқаны жүрмейді. Алла Тағала Құранда: **«Алланың есімі аталмағаннан жемеңдер»,** – дейді («Әнғам» сүресі, 121-аят). Яғни малды сойған адам Алланың есімін айтпаса, жемеңдер дегені (Кәсәни, «Бәдәиу әс-сәнәйығ», 5/48). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аңға шыққан адамға қаратып: ***«Егер*** (ауға) ***үйретілген итіңді жіберсең және оған Алланың есімін атасаң»,*** – деп айтты (Бұхари, Мүслим). Бұл жердегі «жіберсең», «атасаң» деген етістіктер міндетті түрде өз істеушісіне бағытталады. Сондықтан бисмилләні малды бауыздап жатқан адам айтуы тиіс (Мұхаммад Таки әл-Усмәни, «Бухусун фи қадая фиқһияту муасара», 1/416). Оған қоса қасапшы бисмилләні түсінетін әрі оны дұрыс айта алатын, сондай-ақ мал союға шамасы келетін болуы шарт.


Құрбан шалғаннан кейін оқылатын арнайы намаз жоқ. Одан кейін міндетті түрде намаз оқу керек деген пікір – қате. Алайда мәкруһ уақыттардан тыс, себебі болсын немесе болмасын, нәпіл намаз оқуға болады. Осы қағидаға орай құрбандық шалған адам малды бауыздағаннан кейін Аллаға шүкір ретінде екі рәкағат намаз оқуына қарсылық жоқ (әл-Жумһурияту әт-Туркия, Риясату әш-шууни әд-динияти, «әл-Фәтәуа», 372).

Сұрақ: Құрбандықты бауыздап болған соң не айтылады?

Жауап: Құрбандықты бауыздаған соң: «Аллаһумма тәқаббал минни кәмә тәқаббалтә мин Ибраһима халилика уә Муса кәлимика уә Мухаммадин хабибика саллоллоһу әләйһим» (Уа, Алла! Біздің құрбандығымызды Ибраһим, Мұса және Мұхаммед пайғамбарлардан қабыл алғанындай қабыл ала гөр) деп айту керек («әл-Фәқиһ», 2/299; «әл-Муқниғ», 88; «әл-Һидәя», 62).

Дайындаған
Бауыржан ӘБДУӘЛІ

ҚАЖЫЛЫҚ: ТҮП ТАРИХЫ мен МАҢЫЗЫ



(Басы 1-бетте)

Ғибадатханаларды абыздар табы басқарды. Олар құлшылық рәсімдерін ұйымдастырып, неке мен жерлеу рәсімдерін өткізді және өздерін ғайыпты білетін, болашақты болжайтын әрі «құдайлардың» қалауын жеткізетін адамдар ретінде көрсетті. Жалпы халық олардың шынымен де осындай күшке ие екеніне сенді. Олар «құдайлармен» байланыс жасай алады, адамдар үшін араша түседі немесе «құдайлардың» қаһарын шақыра алады деп ойлады. Халық үшін абыздар олардың тағдырын шешушілер еді.

Сол заманның қанаушы патшалары бұл мүмкіндікті мүлт жіберсін бе? Абыздармен ауыз жаласып, халықты құлдықта ұстау үшін бірге әрекет етті. Олар абыздарға толық қолдау көрсетіп, халықтың санасына қазіргі патшаның тек елдің билеушісі ғана емес, сонымен қатар «құдайлардың» бірі екенін сіңірді. Осындай дәуірде Ибраһим беделді абыздар әулетінде дүниеге келді. Ата-бабалары бас абыздар болған, сондықтан оның да сол жолды жалғастыруы табиғи заңдылық саналды. Алған білімі мен тәрбиесі де осы бағытта болды да, оған дәл сондай сыйсияпат мен құрмет көрсетілуі тиіс еді. Көптеген адамдар оның алдында қол қусырып, бас иетін күнді асыға күтті. Әулеттік абыздық билік тағын мұрагерлікпен иелену оның маңдайына жазылғандай көрінді.

Осындай қап-қара түнек ішінде, ақиқатты білетін не соған сенетін бірде-бір жан болмаған ортада Ибраһим секілді адамның ақиқат нұрын табуы немесе өзіне дайын тұрған жайлы өмір мен биліктен бас тартуы оңай емес-тін. Алайда Алланың қалауымен Ибраһим қарапайым адам болмай шықты, үйреншікті қоғамға жат, мүлде басқа болмыстан жаратылғандай дерсің. Есейіп, кемел жасқа жеткенде ешқашан өз халқы табынған «құдайларға» табынбауға тас бекініп, бұл ұстанымын олардың алдында ашық түрде жария етті: **«Шынында, мен жалған діндердің бәрінен сырт айналып, жүзімді күллі аспан әлемі мен жердің жалғыз жаратушысына** (Аллаға) **қараттым. Мен сендер секілді мүшрік емеспін»** («Әнғам» сүресі, 79-аят). Осы мәлімдемені жасауы мұң екең, оның басына ауыр сынақтар мен қиындықтар қарша борады. Әкесі оны үйінен қуып жіберетінін айтып, қорқытты. Қауымы оны ешкім панасына алмайтынын ескертті. Ал билік өкілдері оның ісін патшаның қарауына тапсыруды талап етті. Алайда Ибраһим жалғыз қалғанына, туыстары мен достарының бәрі теріс айналғанына қарамастан, ақиқат жолында жартас секілді мызғымай тұрды. Әкесіне ілтипатпен былай деді: **«Уа, әкетай! Маған расында да саған қонбаған ілім қонды. Ендеше, менің жолыма түс, сені тура жолға бастайын»** («Мәриям» сүресі, 43-аят). Қауымының қоқанлоққыларына жауап ретінде олардың пұттарын өз қолымен қиратты, осылайша олардың қаншалықты дәрменсіз екенін көрсетті («Әнбия» сүресі, 57-64-аяттар). Патша сарайында оған қасқайып тұрып, Раббысы патша емес, қалағанына өмір сыйлап, қалағанының жанын алатын, тіпті күннің қозғалысын да билеп тұрған Жалғыз Алла екенін бетіне басты («Бақара» сүресі, 258-аят). Бұған дейін мұндай «діннен безгенді» көрмеген патша соты Ибраһимге қатал үкім шығарып, тірідей отқа жағуға бұйырды. Ибраһим болса, бұл қорқынышты жазаны Жалғыз Аллаға деген берік сенімін сүйеу етіп, ықыласпен қабылдады.

Алла Тағала Өз құдіретімен оны бұл тағдыр талайынан құтқарған соң Ибраһим туған жерін, туыстарын, қауымын тастап, жұбайы Сарамен, туыс бауыры Лұтпен бірге бір елден екінші елге көшіп-қонып жүріп кетті. Бұл адам өз халқының сөзсіз жетекшісі бола алатын еді. Бірақ ол байлық пен биліктен бас тартып, адамдарды адастырудан гөрі, баспанасыз, кедей, көшпенді өмірді қалап, өмір бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүруге мәжбүр болса да, пенделерді шынайы Раббысына шақыру үшін өмір сүруді таңдады. Ибраһим туған жерінен кеткен соң Мысырды, Палестина мен Араб түбегін кезіп өтті. Оның бұл сапарларда қандай қиындықтар көргенін бір Алла ғана біледі. Өмірінің соңғы кезеңінде, жасы сексен алтыға келіп, ұрпақ сүюден үмітін үзген шағында, жасаған дұғасына Алла Тағала жауап беріп, оған бір ұл – Исмайылды сыйлады («Саффат» сүресі, 100-101-аяттар). Алайда сол кезде де Алланың бұл адал құлы өз отбасының тіршілігін күйттеп, балаларын тек күнкөріске бейімдеуді мақсат етпеді. Оның жалғыз уайымы өз өмірін арнаған ұлы миссияның өзінен кейін де жалғасуы еді.

> *Бұл жердің қасиеттілігі сол – қай заманда Мекке сыртында тонау, қантөгіс, соғыс пен жанжал өршіп жатса да, Қағбаның іші мен айналасында әрдайым тыныштық орнаған. Тіпті заң-ережені мойындамайтын бәдәуидің өзі әкесін өлтірушіні осы жерде көрсе де, оған қол көтеруге батпайтын.*

Осы уақытқа дейін небір сынақтармен шыңдалған Ибраһимді Раббысына деген сүйіспеншілігінің қаншалықты терең екенін анықтайтын, оның даңқын асқақтатқан тағы бір ұлы сынақ күтіп тұрды. Екінші ұлы дүниеге келмей тұрып, оған жалғыз ұлын Алла жолында құрбан ету бұйырылды («Саффат» сүресі, 102-аят). Алла Ибраһимнің Өз жолында ұлын өз қолымен құрбан етуге дайын екенін көрген кезде оған разы болып, бұдан былай өзін де, ұрпақтарынан ізгілерді де адамзатқа жетекші етуге уәдесін берді. Бұл оқиға Құранда былай баяндалады: **«Естеріңде болса, бір кездері Ибраһимді Раббысы бірқатар ауыр пәрмендермен сынаған еді. Сөйтіп ол осынау сынақтардың бәрінен сүрінбей өтті. Ақырында, Раббысы оған: «Бұдан былай Мен сені адамдарға имам** (жолбасшы, өнегелі көсем) **қыламын», – деді. Сонда Ибраһим: «Ұрпағымнан да** (адамдарды тура жолға бастайтын пайғамбарлар мен игі көсемдер) **шығарғайсың», – деп дұға етті. Алла Тағала: «Өзіңе уәде еткен осынау нығметіме** (ұрпағыңның ішіндегі) **залым-кәпірлер әсте қол жеткізе алмайды», – деді»** (Бақара сүресі, 124-аят). Осылайша Ибраһим бүкіләлемдік Ислам дінінің алғашқы көшбасшыларының бірі болды және әртүрлі өңірлерде тұрақты дағуат орталықтарын құруға кірісті. Бұл істе оған туыс бауыры Лұт, үлкен ұлы Исмайыл және кіші ұлы Ысқақ көмектесті.

Ибраһим бауыры Лұтты азғындығымен аты шыққан Шезум (Содом) қаласына орналастырды. Оның мақсаты сол халықты түзету және айналадағы өңірлерге ықпал ету болды. Бұл аймақ арқылы Иран, Ирак және Мысыр арасында қатынайтын керуендер жиі өтетін. Сондықтан ол Алланың хабарын тарату үшін өте қолайлы мекен болатын. Кіші ұлы Ысқақ Палестинаға қоныстанды. Сирия мен Мысыр арасындағы, теңіз жағалауына жақын орналасқан бұл өңір де Ибраһим ілімін таратуға өте қолайлы орталық болатын. Осы өңір арқылы Ысқақтың ұлы Жақып (Исраил), немересі Жүсіп арқылы Ислам діні Мысырға дейін жетті. Ал үлкен ұлы Исмайылға Хиджаздағы Мекке орталық етіп белгіленді. Ибраһимнің өзі де ұзақ уақыт сонда болып, бүкіл Араб түбегіне Ислам ілімін таратты. Дәл осы Меккеде Ибраһим мен оның ұлы Исмайыл Алланың өзі белгілеген жерде Қасиетті Қағбаны тұрғызды. Бұл ғимарат тек мешіт ретінде ғана салынған жоқ. Басты мақсат оны бүкіләлемдік Ислам дінінің орталығы ету, әлемнің түкпір-түкпіріндегі бір Аллаға иман келтірген адамдар жиналатын мекенге айналдыру еді.

Қағбаның орны, әке мен баланың оны қандай үмітпен тұрғызғаны және қажылықтың қалай басталғаны туралы Құранда былай делінеді: **«Шүбәсіз, жер бетінде адамдар үшін** (құлшылық орны ретінде) **ең алғаш салынған үй – Меккедегі Қағба. Ол – құт-берекенің қайнар көзі, күллі адамзатты тура жолға бастаушы һәм бет бұратын құбыла. Онда** (оның қасиеттілігін көрсететін) **айқын белгілер мен дәлелдер, соның ішінде, Ибраһимнің** (құлшылық еткен) **орны бар. Кімде-кім Алланың үйіне кірсе, қауіп-қатерден аман болады»** («Әли Имран» сүресі, 96-97-аяттар); **«Айналатөңіректегі елдер шетінен қырғынға ұшырап, тұтқынға алынып, өз жерлерінен қуылып жатқанда, олар өздерін** (Мекке сынды) **қасиетті де қауіпсіз жерге орналастырғанымызды көрмей ме, сәл де болса ойланбай ма? Олар соған қарамастан, әлі де жалғанға иман келтіріп, Аллаға шүкір етудің орнына Оның баға жетпес нығметін** (Құран һәм Ислам сынды) **жоққа шығара ма?»** («Анкабут» сүресі, 67-аят).

Бұл жердің қасиеттілігі сол – қай заманда Мекке сыртында тонау, қантөгіс, соғыс пен жанжал өршіп жатса да, Қағбаның іші мен айналасында әрдайым тыныштық орнаған. Тіпті заң-ережені мойындамайтын бәдәуидің өзі әкесін өлтірушіні осы жерде көрсе де, оған қол көтеруге батпайтын.

...Құрылыс барысында Ибраһим ұлымен бірге әрдайым Раббысына жалбарынумен болды: **«Уа, Раббым! Бұл жерді қауіпсіз, бейбіт шаһар қылғайсың! Бұл жердің халқына, араларындағы Аллаға һәм ақырет күніне иман келтіргендерге түрлі жеміс-жидек, көкөністерден ризық бергейсің!»; «Уа, Раббымыз! Бұл ісімізді қабыл еткейсің! Шүбәсіз, Сен – барлық нәрсені естушісің һәм бәрін білетін шексіз ілім иесісің!»; «Уа, Раббымыз! Екеумізді бір Өзіңе ғана мойынсұнатын мұсылман еткейсің! Нәсілімізден де бір Өзіңе ғана мойынсұнатын мұсылман үмбет шығарғайсын! Һәм бізге құлшылық рәсімдерімізді көрсетіп, тәубелерімізді қабыл еткейсің! Шүбәсіз, Сен – шынайы тәубелердің барлығын қабыл етушісің һәм** (тәубеге келіп, Өзіңе бет алған құлдарыңа) **ерекше мейірімдісің!»; «Уа, Раббымыз! Оларға өз араларынан Өзіңнің аяттарыңды оқып, ашып түсіндіретін, Кітап пен хикметті үйретететін** (яғни кітаптағы иләһи пәрмендер мен тыйымдардың хикметін һәм жаратылыс пен құбылыстардың мән-мақсатын ұғындыратын) **және оларды** (күнә атаулыдан) **арылтып тазартатын елші жібергейсің! Шүбәсіз, Сен ұлысың, бәрінен үстемсің һәм** (әр ісің мен әрбір үкімің көптеген хикметке толы болған) **асқан даналық иесісің!»** («Бақара» сүресі, 125-129-аяттар); **«Уа, Раббым! Мына елді мекенді** (Меккені) **бейбіт** (қауіпсіз) **мекен еткейсің! Мені де, бала-шағамды да пұттарға табынудан аулақ қылғайсың»; «Уа, Раббым! Ол пұттар көптеген адамдарды тура жолдан тайдырды. Бұдан былай кім маған ерсе, ол – менің үмбетім. Ал кімде-кім маған қарсылық білдірсе, Сен өте кешірімді, ерекше мейірімдісің!»; «Уа, Раббым! Мен ұрпағымның бірқатарын** (дүниеге қызықпай) **намазды кемеліне жеткізіп, үзбей оқысын деп қасиетті Үйіңнің маңына егін өспейтін бір алқапқа орнықтырдым. Енді сол ұрпағыма адамдардың бір бөлігінің көңілін түсіргейсің һәм Өзіңе шүкір етуі үшін оларға кейбір** (көкөністер мен) **жемістерді ризық етіп бергейсің»** («Ибраһим» сүресі, 35-37-аяттар).


Қағба тұрғызылған соң Ибраһимге адамдарды осында шақыру бұйырылды: **«Әйтсе де, кезінде Ибраһимге қасиетті Үйдің** (Қағбаның) **орнын** (құлшылық ететін жер ретінде) **белгілеп бергенімізде оған: «Маған еш нәрсені серік етіп қоспа. Үйімді оны тауап ететіндер, онда қиямда** (тікесінен тік) **тұрып, рүкуғ жасап** (иіліп) **әрі сәжде етіп құлшылық ететіндер үшін таза ұста», – деп бұйырған едік»; «Адамдарға «Қажылыққа келіңдер», – деп жар сал.** (Барлық адамдарды қажылыққа шақыр). **Олар саған мейлі жаяу-жалпы, мейлі ұзақ жолдан арып-ашқан түйелерге мініп болса да дүниенің түкпір-түкпірінен** (төрт бұрышынан) **келсін»** («Хаж» сүресі, 26-27-аяттар).

Ибраһимнің Алла бұйырған амал-әрекетінен кейін адамдар бірте-бірте осы жерге жиналып, бірге құлшылық жасап, кейін өз елдеріне Ислам хабарын жеткізу үшін орала бастады. Бұдан былай бұл жиналу әлемге «қажылық» атымен танылды.

Нариман АМАНЖОЛ

ҚИРАН мен ТӘМӘТТУҒ: айырмашылығы қандай?

ҚАЖЫЛЫҚ – ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ БЕС ПАРЫЗДЫҢ БІРІ ӘРІ МҰСЫЛМАННЫҢ РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУІНЕ ЖОЛ АШАТЫН ҰЛЫ ҒИБАДАТ. ҚАЖЫЛЫҚ ОРЫНДАЛУ ТӘРТІБІНЕ ҚАРАЙ ҚИРАН, ТӘМӘТТУҒ ДЕП БӨЛІНЕДІ. ЕКЕУІ ДЕ – ҚАЖЫЛЫҚ ПЕН ҰМРАНЫ БІРГЕ АТҚАРУДЫ ҚАМТИТЫН ҒИБАДАТТАР. АЛАЙДА ОЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУ ТӘРТІБІНДЕ АЗАДАҒАН АЙЫРМАШЫЛЫҚ БАР.



Тәмәттуғ қажылығында адам қажылық айларында әуелі ұмра жасап, кейін ихрамнан шығады. Содан соң қажылық басталар алдында қайтадан ихрамға кіріп, қажылық амалдарын орындайды. Яғни ұмра мен қажылықтың арасында ихрамнан шығу мүмкіндігі бар. Ал қиран қажылығында қажы ұмра мен қажылыққа бір уақытта ниет етіп, бір ихраммен екеуін бірге атқарады. Ұмрадан кейін ихрамнан шықпайды, қажылық амалдары толық аяқталғанша ихрам күйінде жүреді. Сондықтан қиран қажылығы амал жағынан күрделірек әрі жауапкершілігі көбірек саналады.

Қиран сөзі «екі нәрсені біріктіру» деген мағынаны білдірсе, шариғатымызда бір сапарда ихрамнан шықпастан қажылық пен ұмраны бірге жасауға айтылады (Мухаммад Мәжид Итр, «Әл-муфассал фи әл-фиқһи әл-ханафи», 396). Қиран рәсімінің орындалу сипатына тоқталар болсақ, қажылық және ұмра үшін миқаттан ихрам киімін киіп, екі рәкәғат намаздан кейін «Уа, Алла! Мен қажылық пен ұмраны жасауға ниет еттім. Оны маған жеңілдет және қабыл ал!» деп қажылық пен ұмраға бірге ниет етеді. Сосын тәлбия дұғасын айтып, ихрам жағдайына өтеді. Меккеге кіргенде тауаптан бастайды. Оң иығын ашық күйінде Бәйтулланы жеті рет айналып, ұмра тауабын жасайды. Алғашқы үш айналымында тездетіп жүреді. Сонан соң Сафа мен Маруа арасында жүгіреді. Бұл – ұмраның істері. Яғни ихрамға кіргеннен кейін тауап пен сағи жасалады. Қиран құлшылығын жасаушы ұмра амалдарын аяқтап болған соң, шашын алдырмайды. Алдырып қойған жағдайда, ихрамнан шыққан болып есептелмейді. Ихрамда тыйым салынған амалды жасағаны үшін кәффаратын өтеу уәжіп болады («Әл-Һидәя», 1/167). Ұмра амалдарын аяқтағаннан кейін ихрам халінен шықпастан қажылықты күтеді және ихрам кезінде тыйым салынған амалдардан бойын аулақ ұстайды. Осыдан кейін қажылықтың келу тауабын жасайды, Сафа мен Маруа арасындағы жүгірісін де орындайды. Сонан соң зул-хижжа айының сегізі болуын күтеді. Сегізі күні Минаға қарай жүріп, бұдан әрі қарайғы күндері қажылық амалдарын сол ихрамымен орындайды («Әл-Идах уа әл-баян әз-зуһури ала әт-тачһил әд-дарури ли мәсаил әл-Құдури», 332).

Сондай-ақ қиран қажылығын жасаушы екі амалды біріктіріп орындағаны үшін құрбан шалатын күні Аллаға шүкір түрінде үлкен жамараттан соң һәди құрбандығын шалуы уәжіп (Сарахси, «Әл-Мәбсут», 4/165). Қой сояды немесе басқалармен бірігіп ірі қара малдың жетіден біріне ортақтасады. Сосын шашын алып не қысқартып, екі ихрамнан бірдей шығады («Әл-Идах уа әл-баян әз-зуһури ала әт-тачһил әд-дарури ли мәсаил әл-Құдури», 333).

Ал тәмәттуғ сөзінің тілдік мағынасы «пайдалану» дегенді білдіреді. Шариғаттағы мағынасы – «Қажылық айларында ұмра жасап, кейін Меккеде тұрып, қажылық күндері қажылықты атқару» («Әл-Муадил шарх мултақа әл-әбхур», 1/327). Тәмәттуғ қажылығының орындалу тәртібі туралы айтар болсақ, қажылық айларында миқаттан ұмраға ниет етіп ихрам киіп, Меккеге кіріп, алдымен ұмра амалдарын атқарады. Яғни Бәйтулланы тауап етіп, Сафа мен Маруа арасында жүгіріп, шашын қысқартып не алып, ұмраның ихрамынан шығады. Тауапты бастаған уақытта тәлбияны тоқтатады. Кейін Меккеде халал жағдайында тұрады. Ихрам кезінде тыйым салынған тігісі бар киім кию, иіс су себу секілді амалдардың барлығын орындай беруіне рұқсат етіледі. Бес уақыт намаздарын «әл-Харам» мешітінде оқып, Бәйтулланы тауап етіп жүреді. Сосын зулхижжа айының сегізі күні харам аймағынан қажылыққа ихрам киініп, қажылық амалдарын жасайды. Зул-хижжа айының оны күні үлкен жамаратта тас лақтырған соң екі ғибадатты қосып орындағанына шүкір ретінде құрбан шалады. Егер құрбандық шалатын нәрсе таппаса, қажылықта Арафа күніне дейін үш күн, еліне қайтқан соң жеті күн – барлығы он күн ораза тұтады. Құрбан шалмайынша шашын алмайды, қысқартпайды.

Тәмәттуғ пен қиран құрбандығын шалатын адам қай құлшылықты орындаған болса, соны айтып әрі өзінің атынан шалуы керек. Егер нәпіл немесе құрбандықты ниет етіп шалса немесе басқа адамның атынан шалса, құрбандығы тәмәттуғ немесе қиран құрбандығына жарамсыз болады. Шәууал, зулқағда айларының бірінде ұмра жасап, еліне қайтып, сонан соң қажылыққа келсе, бұл жағдайда тәмәттуғ иесі болып есептелмейді. Өйткені тәмәттуғ дегеніміз – екі ғибадатты бір сапарда орындау. Ал егер еліне барып келсе, екі сапарға айналып, тәмәттуғ шарты бұзылады. Оның мойынынан тәмәттуғ құрбандығы да түседі (Мәусули, «Әл-Ихтияр», 1/363. «Әл-Идах уа әл-баян әз-зуһури ала әт-тачһил әд-дарури ли мәсаил әл-Құдури», 336).

Тәмәттуғ қажылығын орындап жатқан қажылар Арапа, Құрбан айт және ташриқтан басқа күндерде ұмраны бірнеше рет орындауына болады. Себебі олар ұмрадан шығып, қажылық ихрамын кигенше Мекке тұрғындары қатарынан саналады. Ал меккеліктер ұмрағa ихрамды Танғим деген жерден киеді. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша анамызға (оған Алланың сәлемі болсын) қажылықтан кейін Танғимға барып, ихрамға кіріп, ұмра жасауына рұқсат берген. Ибн Абидин «Радду әл-мухтар» атты еңбегінде: «Ол тауап етіп, жоғарыда айтып өткеніміздей, Сафа мен Маруаның арасында сағи жасайды. Одан кейін шашын алады немесе қаласа, қысқартады. Тауаптың бірінші айналымында тәлбияны тоқтатады. Сосын ол жерде Мекке тұрғындары секілді тұрады. Одан кейін қажылыққа ихрам киеді. Бұл ихрам кимеген адамдарға не нәрсе істеуге рұқсат болса, оларға да соны жасауға болатынын аңғартады. Демек ол адам қажылықтан бұрын қалағаныша тауап және ұмра жасауына болады», – деген (Ибн Абидин, «Радду әл-мухтар», 2/537). Ибн Нужәйм: «Сапарға тәмәттуғ ниетімен шыққан адамға ұмра жасауға тыйым салынбайды. Тіпті ұмраны бірнеше рет қайталауына да рұқсат. Өйткені ұмра тауап секілді дербес құлшылық болып саналады», – деген (Бәхру әр-ройық шарху кәнзи әд-дәқайық, 2/393).

Бауыржан ӘБДУӘЛІ



Шарапаты МОЛ ШАЛҚАР

ШАЛҚАР ҚАЛАСЫНДА ҚҰРАН БАЙҚАУЫ ӨТКЕН БОЛАТЫН. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫ РЕТІНДЕ БАРЫП, ЕСТЕН КЕТПЕС ОҚИҒАЛАРҒА КУӘ БОЛЫП, ҮЛКЕН ОЛЖАҒА КЕНЕЛДІМ. ҚАНША КІТАП ОҚЫСАҢ ДА ТАППАЙТЫН РУХАНИ АЗЫҚТЫ ЖАҚСЫ БІР САПАРДАН ТАБАДЫ ЕКЕНСІҢ. САПАРДА ЖҮРІП ЖАҚСЫ-ЖАЙСАҢДАРДЫҢ ӘҢГІМЕСІН ТЫҢДАП, ӨНЕГЕСІН АЛҒАННЫҢ ӨЗІ НЕ ТҰРАДЫ. БҰЛ САПАРДАН ҒИБРАТ АЛЫП, ҮЛКЕН ӘСЕРМЕН ОРАЛДЫМ. СОЛ СЕБЕПТІ ОСЫ БІР СӘТТІ САПАРДА КӨЗІММЕН КӨРІП, ЖҮРЕГІММЕН СЕЗІНГЕН НӘРСЕНІ ӨЗГЕЛЕРМЕН БӨЛІСКІМ КЕЛДІ.

Пойызға отырып, Шалқарға қарай бағыт алдым. Қасыма екі жігіт келіп жайғасты. Сөзі түзу, жүзі жылы жандармен сол арада танысып, көз көрген ескі таныстай шүйіркелесіп сөйлесіп кеттік. Жігіттердің бірінің есімі – Рүстем, екіншісі – Жайдар. Олар да Құран байқауына бара жатыр екен. Сөйтіп Шалқарға жетпей жаңа жолдастар таптым. Шалқарға жеткенде бізді ұстаздар күтіп алып, медресеге алып келді. Медресе «Жанаман ахун» деп аталатын ескі мешіттің ауласына орналасыпты. Шалқар қаласындағы ең алғашқы мешіттердің бірі болғандықтан, жергілікті халықтың арасында «Ескі мешіт» аталып кеткен. Ұстаздардың айтуынша, Жанаман ахун діни сауаты жоғары кісі болған екен. Қуғын-сүргін уақытында Өзбекстанға кетіп, сол жақта діни білім алыпты. Соғыс аяқталып, тыныштық орнаған соң, елге келіп, Шалқар қаласының бас имамы қызметін атқарыпты.

Мешіт орналасқан аумақтан он шақты қадамдай жерде үлкен қорым бар екен. Сырты темірмен қоршалған аумақта таспен өрілген қабірлер өте көп. Үнсіз жатқан қабірлер еріксіз өлімді еске түсіреді. Мешіттің дәл түбінде орналасқан қабірлерді көріп, таңырқап қалдым. Бұл көрініс үнсіз ескерту екенін түсіндім. Сапарда маған ой салған, ғибрат алған көріністің алғашқысы осы болды. Өзіңді жинақтап, ғапылдықтан арылуға, шынымен тірі болуға, ояу болуға алып келетін нәрсе өлімді жиі еске алу екен. Сол кезде шынымен бір сәтке оянғандай боласың. Сол сәтте шынымен өзіңе, жасап жүрген ісіңе қарайды екенсің. Барлық нәрсенің шегі барын түсінесің... Өтпестей көрген өмірдің, бітпестей көрген тірліктің бір күні тоқтайтынын түсінесің...

Бұл мені ойға жетелеген алғашқы оқиға еді.

Жан-жағынан келген үміткерлер медресеге орналастық. Кезекпен-кезек өзімізді таныстырдық. Арамызда әртүрлі салада жүрген жандар жиналып қалыпты. Бірі – ұстаз, енді бірі – көлік жөндеуші, тағы бірі – саудагер, бірі – университетте студент, енді бірі – мектепте оқушы. Бәріміз танысып-біліскен соң, арамызда бір үйдің балаларындай жақындық орнады. Отырыстың соңына қарай осы жерде жастардың басын қосып, жарыстың басы-қасында жүрген Қайрат ұстаз сөз алып, өзінің шынайы насихатымен отырысты одан әрі мәнді етті. «Дінге қызмет ету үшін міндетті түрде имам, молда, қарихафиз болу шарт емес. Әркім өз саласында мықты маман болса, сол арқылы адамдарға пайдасын келтірсе, ісімен жұртқа үлгі болса, жақсылықтың жайылуына тамшыдай болсын өз үлесін қосса, сол адам да дінге қызмет еткен болады. Сонда ғана бұл дін алға жылжып дамиды. Сондықтан әрбіріміз жаңа білімдерді иегеріп, жақсы маман болып, ел-жұртқа пайдамызды тигізуіміз қажет» деді ол.

Одан ары орталық мешітке жиналдық. Орталық мешіт ескі мешітке жақын екен. Мұнаралы мешіттің іші өте әдемі әрі мұнтаздай таза. Әрбір түс, жердегі кілем, аспалы шамдар мен кітап сөрелері өзара үйлесім тауып мешітке сән беріп тұр. Менің көзіме ерекше түскені мешіт терезелеріне жабылған перделер болды. Әр перденің ортасына Құран аяты немесе хадис жазылыпты. Жазудың қаріптері үлкен болғандықтан, кез-келген жерде отырып оқи бересің. Ендеше, бұл да бір насихаттың тамаша үлгісі. Мешіт «Матай Қоқанұлы» деп аталады екен. Бұл кісі – Иманғали Тасмағамбетовтың туған нағашы атасы. Иманғалидың анасы Ділдә осы Матайдың туған қызы. Ділдә анамыз – көпшілікке таныс кісі. Көзі тірісінде өзінің тәлім-тәрбиесі мен өнегесін жұртқа беріп кеткен кейуананы қазақ жұрты ұмыта қоймас.



Суреттерді түсірген автор

Қайрат ұстаздың айтуынша, Матай Қоқанұлы Бұхара қаласында діни жоғары білім алған. Өз уағында араб тілін жетік білген діндар адам болған.

Құран байқауы осы мешітте өтті. Байқауға қатысатын шәкірттер жиналып болған соң, залдың ортасында қаз-қатар тізілген орындықтарға келіп жайғастық. Қазылардың талабы да өте жоғары болды. Тәжуид пен махраждан бөлек, дауыс ырғағы, әрбір кідіріс, әрбір қайталауға дейін қаралатынын ескертті. Сонымен үш сағатқа созылған Құран байқауы өз мәресіне жетті. Әркім шамасы жеткенше оқып шықты. Әркімнің шабысы әртүрлі болды. Қатысушылардың дайындығы, дауысы, оқу мәнері, тәжуиді әртүрлі деңгейде екені жарыс барысында көрінді. Біз де бағымызды сынап көрдік, алайда кіл мықтының ішінен суырылып шыға алмадық.

Байқау соңында мені елең еткізген әңгіме болды. Байқаудың нәтижесін айтпас бұрын ортаға жасы елу-алпыстың шамасындағы ағамыз шығып, сөз сөйледі. Мұқанов Бекнұр деген кәсіпкер кісі екен. Байқау демеушілерінің бірі көрінеді. Құран байқауы осы кісінің дүниеден өткен ұлының атынан беріліпті. Ұлын кезінде көлік қағып, мерт қылыпты. Бекнұр аға қысқа-нұсқа сөйледі, алайда сол сөздер жүрекке жетті. Осы кісінің айтуымен, шынайы достыққа куә болдым. Бекнұр ағаның қасында қарапайым бір жас жігіт тұрды. Ол Бекнұр ағаның ұлының досы екен. Бекнұр аға сол жерде осы жігіттің еңбегін айтып, мақтады. Мақтаса мақтауға тұрарлық екен. Ағаның айтуынша, осы жарысты өткізуге ұйытқы болып, қаржысын бөліп, басы-қасында жүрген осы жігіт екен. Жылда досының атынан футбол жарысын өткізіп жүрген азамат биыл Бекнұр ағаға хабарласып: «Аға, қазір жер-жерде футболдан, бәйгеден, көкпардан жарыстар көп. Біз де жыл сайын футбол жарысын өткіземіз. Осы жолы Құран жарысын ұйымдастырсақ қайтеді», – деп ұсыныс жасаған екен. Кейін имамдарға хабарласып, осы ісшараны досының атынан өткізуді қолға алыпты. «Әрбір үлкен істер кішкентай қадамдардан басталады» демекші, осылайша бұл игі іс жүзеге асыпты.

Әлгі азаматтың бізге үлгі болар тағы бір игі ісін сол арада естідім. Естідім де, таңғалдым. Бұл кісі жақында досының атынан Бәдел ұмрасын жасап қайтқан екен. Мұның бәрін сол жерде Бекнұр аға баяндап берді. Міне, нағыз ақыреттік дос деген осындай болса керек. Міне, нағыз достықтың көрінісі. Міне, досқа деген шынайы махаббат, адалдық, жанашырлық! Мені сол арада тебіренткен, маған осы сапарда қатты әсер еткен, ғибрат болған оқиғаның бірі осы еді. «Жер бетінде әлі де осындай достар бар екен-ау» деп, қайран қалдым. Осындай шынайы досы бар жандарда арман жоқ шығар. Осындай игі жақсылармен дүние мәнді.

Сол арада екі адамға ұмраға жолдама табысталды. Бірі мешітке қызмет жасап, еңбегі сіңген қарияға, екіншісі осы жарыста топ жарған жас қариға берілді. Екінші, үшінші орын алған қариларға қомақты ақшалай сыйлықтар, сондай-ақ байқауға қатысушылардың бәріне алғыс хат пен ақшалай сыйлық берілді. Бекнұр ағаның айтуынша, осы жүлденің барлығына баласының досы демеуші болған екен. Алла ол кісіге разы болсын! «Адамға алғысы жоқтың – Аллаға алғысы жоқ» демекші, осы жарысқа ұйытқы болып, демеушілік көрсеткен Бекнұр аға мен әлгі азаматқа, жарысты өткізуді өз мойнына алып, жоғары деңгейде ұйымдастырған шалқарлық ұстаздарға, қызметте жүрген әрбір жамағатқа алғысымды білдіремін. Бізді қарсы алып, сый-құрмет көрсеткендеріңіздей, Алла Тағала сіздерді сыйлап, құрметтесін!

Серікбол НАЗАРБЕКҰЛЫ,

Ақтөбе облысы

АУЫЛҒА ШЫНАЙЫ ЖАНАШЫР БОЛУ – МІНБЕРДЕН СӨЙЛЕУМЕН ЕМЕС, ҮНСІЗ АТҚАРЫЛҒАН ІСПЕН ӨЛШЕНЕДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ДЕМЕУШІЛІК ЖАСАҒАНЫН ЖАРИЯ ЕТПЕЙ, ЕЛДІҢ ОРТАСЫНДА ҚАРАПАЙЫМ ТІРШІЛІК КЕШІП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАР СИРЕК. СОНЫҢ БІРІ – АРМАН РЫМБЕКҰЛЫ. ОЛ КӨМЕКТІ НАУҚАН ҮШІН ЕМЕС, ҚАЖЕТТІЛІК ТУҒАН СӘТТЕ КӨРСЕТУДІ ЖӨН САНАЙДЫ. ЖАҚСЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАРНАМАСЫН ЖАСАМАЙТЫН МІНЕЗІ ОНЫҢ БОЛМЫСЫН АЙҚЫНДАЙДЫ.

ЖОМАРТТЫҚТЫҢ ЖАРИЯСЫЗ ҮЛГІСІ



Әлеуметтік жауапкершілік деген ұғым көбіне ірі компаниялармен байланыстырылып жатады. Бірақ ауыл жағдайында бұл түсінік жеке адамдардың нақты әрекеті арқылы көрінеді. Кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтың ел ішіне қарайласып отыруы – жергілікті тұрақтылықтың кепілі. Арман Рымбекұлының ұстанымы да осыған саяды. Ол кәсіпті қоғамнан бөлек қарамайды. Өткен күзде 17 отбасыға шөп таратуы – соның айқын дәлелі. Бұл көмек жай ғана материалдық жәрдем емес, қысқа дайындықтағы сенімді тірек болды. Әсіресе табысы төмен отбасылар үшін мұндай қолдау – үлкен демеу. Ең бастысы бұл әрекет дабырасыз жасалды. Ауыл адамдары оның көмегін сырттай емес, нақты сәтте сезінді.

Ауыл халқы Арман Рымбекұлы туралы артық мақтау айтпайды. Бірақ «қолындағы барымен бөліседі» деген бір ауыз сөздің өзі көп нәрсені аңғартады. Ауылда бедел жарнамамен емес, уақытпен қалыптасады. Көпшілікке көмектескен жанның мінезі де, ісі де көзге көрініп тұрады. Оның қадірі – дәл осы тұрақтылықта.

1974 жылы Абай облысы Абай ауданының Тоқтамыс ауылында дүниеге келген Арман Рымбекұлы үшін туған жер өмірбаян дерегі ғана емес. Бұл – оның әлеуметтік ортасы, балалық шағы, еңбек жолының бастауы. Ауылдағы әр шаңырақтың жағдайын біліп өскен адам үшін сырт айналу қиын. Сондықтан оның қолдауы жалпылама емес, нақты қажеттілікке бағытталады. Мұндай жанашырлық тамырлас ортадан бастау алады.

Әлеуметтану тұрғысынан алғанда, шағын қауымдастықтарда сенім капиталы ерекше рөл атқарады. Сенім бар жерде өзара көмек те тұрақты болады. Арман Рымбекұлы осы сенім кеңістігінің ішінде өмір сүріп келеді. Ол үшін ауыл – сырттан бақылау нысаны емес, күнделікті тіршілік алаңы. Сондықтан әр әрекеті ортақ жауапкершілік сезімінен туындайды.

«Шаған» шаруа қожалығының мүшесі ретінде ол кәсібін жүйелі жүргізіп отыр. Дегенмен кәсіпкерлік оның өмірінде тек табыс табудың жолы емес. Ол еңбекті елге қызмет етудің амалы деп түсінеді. Бұл – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің қарапайым, бірақ мазмұнды үлгісі. Пайда мен парызды қатар ұстау – ауыл кәсіпкері үшін маңызды қағида.

Тоқтамыс ауылындағы спорттық және мәдени шараларға көрсетіп жүрген демеушілігі де осы ұстанымнан туындайды. Кейде ол алдыңғы қатарда көрінеді, кейде ұйымдастырушылардың тасасында қалады. Бірақ нәтижесінде ауыл балалары спорттық жарысқа қатысып, мәдени кештер өткізіледі. Қоғамдық белсенділік дәл осындай үнсіз қолдаудан құралады. Бұл – ауыл өмірінің үздіксіздігін сақтайтын тетік.

Қоғамда меценаттық туралы көп айтылады, бірақ ауылдағы жомарттық көбіне есепсіз болады. Ол келісімшартпен емес, адами түсіністікпен жүзеге асады. Арман Рымбекұлының әрекеттері осы сипатқа сай келеді. Ол көмек көрсетуді міндет емес, табиғи парыз деп қабылдайды. Сондықтан оның жомарттығы жасандылықтан ада.

Тоқтамыс ауылы үшін Арман Рымбекұлы – жариясыз еңбектің иесі. Оның беделі сөзбен емес, уақытпен қалыптасқан. Ауыл адамдары үшін ең әділ өлшем – іс. Сол өлшемнен қарағанда, оның жомарттығы шынайы. Қарапайым, бірақ салмақты әрекеттер арқылы ол туған жерінің тіршілігіне тірек болып отыр.

Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ,

Абай облысы

ДҮНИЕЖҮЗІНДЕ ӘР АДАМҒА ӨЗІНІҢ КІНДІК ҚАНЫ ТАМҒАН ТУҒАН ЕЛІНЕН ЫСТЫҚ ЖЕР ЖОҚ. АЛЛАНЫҢ ӘМІРІМЕНЕН АТАҚОНЫС ТУҒАН ЕЛГЕ ДЕГЕН САҒЫНЫШ СЕЗІМІ ЖАСЫМ ҰЛҒАЙҒАН САЙЫН КҮШЕЙІП, ҮЛКЕН ТЕБІРІНІСКЕ, ТОЛҒАНЫСҚА ТҮСІРЕДІ...



Ұлағатты ҰСТАЗДАР ЕДІ

Атам Смағұлдың қонысы Есіл өзенінің жиегінде орналасқан, бірақ жылда су тасығанда үй-қоныс, мал-жан аралда қалып, тұрмысқа, мал-жанға қолайсыз жағдай тудыратын. Су тартылмай, ешқайда шыға алмайтын. Келешекті ойлап, атам Смағұл қыр жақтан үй салып, сонда көшкен. Бірте-бірте басқа ағайындар көшіп, ауылдың аты Бесоба аталды. Ауылға жақын үлкен қара су Бесоба өзені деп аталатын. Совет үкіметі орнағанда ауылдың Бесоба атын Қызыл ту деп өзгертті. Ол кезде 50-ден аса отбасы тұратын шағын ауыл еді. Атам Смағұл мен әжем Қайшаның шаңырағында апам Айман, әкем Шаяхмет, көкем Бәдір, әтәйім Сәдір дүниеге келді.

Сәдір өзінің білімге деген құштарлығының арқасында орта мектепті өте жақсы бітірді. Оның еңбекқорлығын бағалап, бастауыш сыныптарға ұстаз етіп қызметке қабылданды. Екі жылдан соң Сәдір Алматыдағы ҚазМУ-дің сырттай оқитын бөлімшісіне оқуға түсті. Біздің Қызыл ту ауылы мен Алматының арасы жер мен көктей еді. Сол уақытта Сәдір жоғары білім алған жалғыз ұстаз болатын. Ол бізге қазақ тілі және әдебиет пәнінен сабақ берді. Сабақ түсіндіргенде, сыныпта масаның ызыңы естілетіндей тыныштық орнайтын. Ауызымызды ашып отырып тыңдайтынбыз. Сабақты мәнерлеп, өте әдепті түрде түсіндіретін. Бұқар жырау, жыр алыбы Жамбыл, бас ақынымыз Абай шығармаларын кереметтей жеткізіп айтып беретін.

Сәдір өте қатал ұстаз болды. Ол кісінің үйге берген тапсырмаларын орындамай бару мүмкін емес еді. Ұстаздан қаймығатынбыз. Басқа сабаққа дайындалмасақ та, қазақ тілі пәнін жаттап алатынбыз. Ақырын байыппен сөйлейтін, дауыс көтеріп айқайламайтын. Оқушылар оны қатты сыйлайтын. Сол уақыттағы ұстаздардың жауапкершілігі өте жоғары еді. Ол кезде мұғалім өте беделді мамандық болатын. Бала кезімізде үлкендерге сәлем берсек «бақытты бол, мұғалім бол» деп батасын беретін. Сол уақытта қоғамда осындай үрдіс қалыптасқан еді. Орта мектепте өз ісінің нағыз мамандары Жақсылық Сүлейменов – математика, Маржан Нығметқызы – химия, Елена Тарабрина – орыс тілі, Рақымжан Боранбаев физика пәндерінен сабақ берді.

Сәдір Дәмелі апайыммен тайымменен отасып, шаңырақ құрды. Жеті бала өсіріп, білім беріп, тәрбиелеп жеткізді. Екі ұстаздың шаңырағынан шыққан ұрпақ бақытты еді. Екеуі де балаларының маңдайынан шертпей-ақ, ақылменен, байыппеннен тәрбиеледі. Сәдір мен Дәмелі өмірлерінің 50 жылдан артық уақытын ұстаздыққа арнады. Сәдірдің еңбегі бағаланып, «КазССР-дың үздік ұстазы» атағына ие болды. Ең бастысы – мыңнан астам шәкіртке өмірлік тәрбие беріп, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін оятып, ұлтжанды азаматтарды тәрбиеледі. Оның шәкірттері қазақ елінің қай жерінде жүрсе де, Сәдір ұстазын ешуақытта ұмытпайды. Мектеп қабырғасында өткен балалық шағын үлкен сағынышпен еске алады. Бұл Сәдір сияқты кемел ұстаздың мәңгілік өшпес еңбегі деп білемін. Атам Смағұл Сәдірді өте жақсы көретін, болашығынан зор үміт күтетін. Аллаға шүкір, Сәдір әкесінің арманын орындады. Атам Смағұл: «Қарапайым болыңдар, адамдарға қолдан келгенше көмектесіңдер», – дейтін. Сәдірдің шаңырағы осы қағидамен өмір сүрді.

Оның беделі өте күшті болды, ешкім ол кісіге қарсы келмейтін, ардақты ұстаз деп сыйлайтын. Аллаға шүкір, Сәдір мен жұбайы ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере-жиендердің қызығын көрді.

Елге барғанда екеуінің мәңгілік жатқан жеріне әдейілеп соғып, білген аяттарымды оқып, оларға Алладан жарылқау сұраймын. Олардың істеген жақсылықтары көп еді. Алла Тағала сол игі істерін иман нұрына айналып, сауаптан жазса екен деп тілеймін!

Қабиболла ШАЯХМЕТҰЛЫ,

Астана қаласы

АЛАШ және Мәдіні



(Басы 1-бетте)

Біріншіден, Алаш қозғалысының бастауында дін мәселесі қатар көтерілді. Оған дәлел – 1905 жылғы Қарқаралы құзырхаты. Алаштанушы ғалымдардың басым бөлігі Алаш қозғалысы осы Қарқаралы құзырхатынан басталады деген тұжырымға бекіген. Осы кезден бастап ұлт қаймақтары ояну дәуірін бастан өткеріп, қазақ үшін қам жасаудың барлық амал-жолдарын қарастырды. 1905 жылғы 22 маусымда атақты Қоянды жәрмеңкесі кезінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақпаев, Темірғали Нұрекенов бастаған қазақ оқығандары бір мүддеге ұйысып, Қарқаралы құзырхатын дайындады. Алғашқы кезде құзырхатқа Қарқаралы уезінің қырық шақты адамы ғана қол қойса, кейін олардың саны 13 мыңға жуықтады. Құжатта қазақтарды әскери міндеттен босату, баспахана салуға рұқсат беру, қазақты басқаратын адамның қазақ тілін білуі, қазақтың басшысын қазақ арасынан тағайындау, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, тергеусіз жер аударуға тыйым салу, қазақтардың ата қонысын қазаққа қайтару, қазақтардың жер иеленуіне, мемлекеттік қызметке араласуына рұқсат беру, қазақ арасынан депутат сайлау, т.б. мәселелер көтерілді. Сонымен қатар қазақтың дін ісін Орынбор мүфтилігіне беру, қазақтардың мешіт-медресе салуына һәм құдайға құлшылық етуіне еркіндік беру, уақып жүргізуге рұқсат ету, қазақтардың қажылыққа баруына шек қоймау, қазақ ішіне миссионерлердің кіруіне тыйым салу, кәмелетке жетпеген қазақ балаларының басқа дінді қабылдауына тыйым салу секілді талаптар қойылды. Қарқаралы құзырхатында көтерілген мәселелердің бәрі болмаса да, кейбірі өкімет тарапынан орындалды. Соның бірі ретінде қазақтың дін ісі Орынбор діни басқармасына берілгенін айтуға болады.

Екіншіден, қазақ даласында өткен сиездерге дін қайраткерлері де қатысып, дін ісі шет қалмады. 1917 жылғы 1 сәуірде Ахмет Байтұрсынұлының төрағалығымен Орынбор қаласында өткен, Алаш арыстары «... жаңа заман келіп, жарық күн туып, нұрын шашқаннан бері қазақ ішінде ең үлкен, ең толық бірінші тұңғыш сиез» деп бағалаған Торғай қазақтарының құрылтайында қаралған 13 мәселенің бірі дін ісі болды. Құрылтайда дін мәселесі бойынша «Торғай облысының қазағы уақытша Орынбор мүфтилігіне қарасын», «Мүфти һәм қазыларды сайлауға әр ұлт өзінің санына қарай қатыссын», «Мешіт саны халықтың тілегенінше болсын» деген қаулы қабылданды.

Сонымен қатар 19-22 сәуір аралығында Жаһанша Досмұхамедұлының төрағалығымен Ойылда өткен Орал қазақтарының сиезінде де дін мәселесі көтеріліп, бұған қатысты «Орал облысы қазақтарының діни басқармасы уақытша Орынбор мүфтилігіне қосылсын», «Жергілікті имамдарды мешіт жамағаты діни білімі, тиісті куәлігі бар адамдар арасынан сайласын», «Мешіт имамы туу, өлу және неке жайлы мәліметтерді метіркелік дәптерге жазып отыруға міндетті. Сайланған имамдардың қызметі мерзіммен шектелмейді» деген қаулы қабылданды.

Айдархан Тұрлыбаевтың төрағалығымен 25 сәуір мен 7 мамыр аралығында Омбыда өткен Ақмола облысы қазақтарының сиезінде де дін мәселесі тыс қалмады. Сиез жайында «Қазақ» газетінде: «Сиездің екінші күні көптің сынына, талқысына түскен дін мәселесі болды. Дін мәселесі туралы жасалған қаулы Орынборда болған қазақ сиезінің қаулысындай, айырмасы жоқ», – деп жазылды. Үш сиезде де үш өңірдің қазилары сайланды. Сиездер шешімімен Орал облысына – Қайырша Ахметжанұлы, Торғай облысына – Ғұбайдолла Ешмұхамедов, Ақмола облысына Мағди Мақұлұлы қази болды.

Орынборда өткен Жалпы қазақ сиездерінде де дін ісі басты мәселелердің бірі ретінде қаралды. 1917 жылғы 21-26 шілдеде Халел Досмұхамедұлының төрағалығымен өткен Бірінші Жалпы қазақ сиезінде дін мәселесі бойынша «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал һәм Закаспий (Маңғышлақ уезі) облыстарының қазақтары уақытша Орынбор мүфтилігіне қарасын», «Мекеме шарғия құзырында қазақ бөлімі болсын һәм қазақ істерінің бәрін қазақ бөлімі мүфтимен бірге қарасын», «Қазақ бөлімінің істері таза қазақ тілінде жазылсын» деген 13 тармақтан тұратын қаулы қабылданды. Сондай-ақ осы сиезде Орал облысына – Қайырша Ахметжанұлы, Бөкей ордасына Ғұмар Қараш қази болып сайланды. Ал өзге қазиларды сайлауды сиез әр облыстың өз еркіне қалдырды.

Осы жылдың 5-13 желтоқсанында Бақытқерей Құлманұлының төрағалығымен өткен Екінші Жалпы қазақ сиезінде де дін ісі қаралды. Сиезге Ғұмар Қарашұлы, Мағди Мақұлұлы және Қайырша Ахметжанұлы секілді қазилар да қатысып, ел тағдыры сыналған сәтте шет қалмады. Тіпті Ғұмар Қараш сиездің төрт хатшысының бірі болып сайланды. Әлихан Бөкейханның ұсынысымен сиезде ұлт һәм дін қайраткері Ораз қажы Тәтіұлының рухына дұға бағышталса, Ғұмар Қараш Орынбор дін басқармасының мүфтиі Ғалымжан Барудидің құттықтау хатын оқыды. Сиез қорытындысы бойынша «Алаш» партиясы һәм Алашорда үкіметі құрылды. Үкімет төрағасы болып басым дауыспен Әлихан Бөкейхан сайланды.

Сиезде сондай-ақ мүфтилік мәселесі де тыс қалмады. Бұл жайында «Қазақ» газетінде: «Уақытша автономия иғлан етіліп, Алаш құрылтайы жиылғанша қазақ-қырғыз Орынбор мүфтилігі қарауында болады. Болашақ Алаш құрылтайына Орынбор мүфтилігіне сайланған қазақ қазылары қазақ-қырғыз мекеме шарғиясын құру хақында жоба киргізуге міндеткер», – деп жазылды. Әсілінде Алаш қайраткерлері қазақ пен қырғызға ортақ жеке мүфтилік құруды көздеді. Ал оған дейін қазақтың дін ісі Орынбор мүфтилігіне беріліп, бұл міндетті атқару Ғұмар Қараш бастаған қазақ қазиларына жүктелді.

Алаштанушы-ғалым Дихан Қамзабекұлы Ғұмар Қараштың қази болып сайлануын дін ісімен қатар ұлт ісіне де үлес қосуымен байланыстырады. «Біз Алаш қайраткерлерін керемет діntанушылар демейміз. Олардың өзіндік миссиясы болды. Сөйте тұра адамзаттың дұрыс һәм орнықты даму заңдылығын білгендіктен, көтерген мәселесінің ретіне қарай иман мен дәстүрге адалдықты әркез еске салып отырды. Қанша зайырлы болса да дінсіз мемлекеттің бір бүйірі төмен түсіп тұратынын жиі ескертті» деп жазды Дихан Қамзабекұлы.

Үшіншіден, Алаш қозғалысының үнпарағы қызметін атқарған «Қазақ» газетінде дін мәселесі жиі көтерілетін тақырыпқа айналды. Әрине, XX ғасырдың басында қазақ қоғамында ұлт зиялылары дінге қатысты түрлі көзқарас ұстанғаны белгілі. Оны сол кездегі «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалардан анық аңғаруға болады. Алаштанушы ғалым Алма Сайлауқызы бұл жайында: «Қазақ елінің өркендеуі жолында діннің алатын орны туралы Алаш зиялылары арасында екіжақты көзқарас қалыптасты. «Айқап» журналында: «Егер қазақ мемлекеті құрылатын болса, Ислам дінінің заңдылықтарына, яғни «шариғатқа» негізделу керек», – деген пікір басымдық танытса, «Қазақ» газетін шығарушылар қазақ мемлекетін еуропалық жүйемен басқару керек деген пікірде болды. Сөйте тұра олар ата дініміз – Исламды, салт-дәстүрімізді халықтың маңызды рухани құндылығы ретінде көздің қарашығындай сақтауды ұстанған», – дейді.

Расында «Қазақ» газеті Ислам дінін рухани құндылық ретінде бағалады. Дін мәселесі газеттің жиі көтерілетін тақырыбына айналды. Ахмет Байтұрсынұлының «Екі қажы», Міржақып Дулатұлының «Мүфти сайлау», Жүсіпбек Аймауытовтың «Өтінішке жауап», Жанұзақ Жәнібековтің «Кәріс мұсылмандары» секілді мақалалары – соның айғағы. Сондай-ақ дін қайраткерлерінің мақалалары басылым бетінде үнемі жарияланып отырды. Соның ішінде Ғұмар Қараштың «Қазақтың мүфтилікке қосылуы туралы», «Мекеме шарғиядегі қазақ бөлімі», «Ішкі Орда имамдарына», т.б. мақалалары жарық көрді.

Төртіншіден, «Алаш» партиясы бағдарламасына дін ісі жеке тарау ретінде енгізілді. Алаштанушы-ғалым Мәмбет Қойгелдиев жазғандай, «Алаштың зиялылары өз қызметінде негізінен екі мақсатты, яғни, біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, екіншіден, қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығуды көздеді». Осы мақсатта олар «Алаш» партиясын құрды. Партияның облыстар мен уездердегі комитеттері ашылып, комитет төрағасы, серігі, хатшысы және қазынашысы бекітілді. Мәселен, «Алаш» партиясының Торғай облыстық комитетінің төрағасы Әлихан Бөкейхан, серігі Ахмет Байтұрсынұлы, хатшысы Міржақып Дулатов, қазынашысы Жанұзақ Жәнібекұлы болды. Сол секілді Семей облыстық комитетін Халел Ғаббасов басқарса, Ақмола облыстық комитетіне Айдархан Тұрлыбаев жетекшілік етті.

Кез келген партияның Орталық комитеті болатыны анық. Алайда «Алаш» партиясының Орталық комитеті болған жоқ. Тіпті партияның арнайы сиезі өтіп, бағдарламасы да қабылданбады. Мұның себебі, Мәмбет Қойгелдиев жазғандай, «партияның арнайы съезін шақырып, басқару орындарын сайлауға, жарғысы мен бағдарламасын бекітуге уақыт та, жағдай да болған жоқ». Дегенмен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Ғұмаров, Есенғали Нұрмағамедов, Ғабдіхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов бастаған топ «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын дайындады. Мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, сот және билік, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі секілді 10 тараудан тұратын бағдарлама жобасы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы №251 санына жарияланды. Осы бағдарламадағы «Дін ісі» тарауында: «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағынан бостандық. Мүфтилік қазақта өз алдында болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер молдада болу, жесір дауы сотта қаралу», деп анық жазылды. Мұндағы «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу» деген жолдар ұлт зиялыларының дінге қарсылығы емес, мемлекеттің басқару функциясын кеңейту мақсатында қолға алынды. Мұны алаштанушы ғалым Алма Сайлауқызы: «Яғни діни сенімге еркіндік бере отырып, оның қоғамдағы реттеушілік функциясына мемлекеттің құзіретін күшейтіп, сол арқылы зайырлы қоғамға ұмтылу мақсат болған», – деп түсіндіреді. Алаш азаматтарының партия бағдарламасы жобасына дін ісін жеке тарау ретінде енгізуі олардың діннен алыстамағанын айғақтайды. Олар бар болғаны дін ісін жүргізуді мемлекет ісінен бөліп, мүфтилік құзырына берген болатын.

Бесіншіден, Алаш қайраткерлері дінді бауырластықты арттыратын себептердің бірі ретінде бағалады. Олар Ислам дінін татар, башқұрт, қырғыз, т.б. дініміз бен тіліміз ортақ бауырлас халықтармен байланысты арттырып, ортақ мүддеге бірігудің негізгі құралы деп білді. Сол себепті Алаш азаматтары Мұсылман сиездері, «Иттифақ әл-муслимин», «Шура-и Ислам» ұйымы, Мұсылман фракциясы сияқты қоғамдық-саяси ұйымдардың жұмысына белсене араласты.

1905-1914 жылдар аралығында өткен Бүкілресей мұсылмандарының төрт реткі сиезіне қазақ атынан Шәймерден Қосшығұлұлы, Сәлімгерей Жантөрин, Бақытжан Қаратаев, Әлихан Бөкейхан қатысса, Ақпан төңкерісінен кейінгі мұсылман сиездеріне қазақ делегаттары белсенді түрде атсалысты. Мәселен, 1917 жылғы 24-27 сәуірде Қазанда өткен Бірінші Бүкілресейлік мұсылман қыздар сиезіне қазақ қыздарынан Аққағаз Досжанова мен Гүлсім Асфендиарова қатысса, осы жылдың 1-11 мамыры аралығында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар сиезіне Ақмола, Орал, Торғай облыстарынан арнайы делегаттар барды. Олардың қатарында Алаш азаматтары Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Уәлитхан Танашев, сондай-ақ дін қайраткерлері Ғұмар Қараш, Қайырша Ахметжанұлы, Хасан Нұрмұхамедов, Қажығали Мәулімбердиев, Ораз Тәтиев болды. Осы сиезде Орынбор мүфтилігінің орнына Уфа дін басқармасы құрылып, қазақ атынан Ғұмар Қараш басқарма мүшесі, қази болып сайланды. Сондай-ақ сиезде «Шура-и Ислам», яғни Бүкілресейлік мұсылман кеңесі құрылып, кеңестің Атқару комитеті сайланды. Комитет құрамына қазақтан Жаһанша Досмұхамедов пен Уәлитхан Танашев енді. Бірінші Жалпы қазақ сиезіне екеуі Шура-и Исламның мүшесі ретінде келіп қатысты. Алаш қайраткерлері осы сиезде «Бүкіл Ресей мұсылмандарының шорасында қазақ өкілдері болуы тиіс» деген қаулы қабылдап, ұйымды азаттыққа ұмтылудың жолы, бауырлас халықтармен тізе қосудың тетігі деп қабылдады.

> *19-22 сәуір аралығында Жаһанша Досмұхамедұлының төрағалығымен Ойылда өткен Орал қазақтарының сиезінде де дін мәселесі көтеріліп, бұған қатысты «Орал облысы қазақтарының діни басқармасы уақытша Орынбор мүфтилігіне қосылсын», «Жергілікті имамдарды мешіт жамағаты діни білімі, тиісті куәлігі бар адамдар арасынан сайласын», «Мешіт имамы туу, өлу және неке жайлы мәліметтерді метіркелік дәптерге жазып отыруға міндетті. Сайланған имамдардың қызметі мерзіммен шектелмейді» деген қаулы қабылданды.*

Қорыта айтқанда, Алаш арыстарының мұсылманшылығына ешқандай күмән келтіруге болмайды. Олар медреседен тәлім алған, бір кісідей діни сауаты бар тұлғалар еді. Олар сынаса, дінді емес, сол уақыттағы шаласауат молдаларды сынады. Әрине, Алаш алдында дінге қатысты таңдау тұрған кезде олар батыстық үлгіні таңдап, «дін мемлекеттен бөлек болсын» деген ұстанымға бекіді. Алайда бұл дін мүлдем болмасын деген сөз емес, қазіргідей дін мәселесін әркімнің өз ықтиярына қалдырды. Сондықтан, Сұлтанмахмұт Торайғыровша айтқанда, «Қазақ үшін жүрек майын шам қылған» Алаш қайраткерлері Исламға қарсы болды деген пікір қалыптастыру орынсыз. Зерттеуші Болат Мүрсәлім жазғандай, «ол замандағы тарихи контекст пен қазіргі тарихи контекст бөлек. Сол себепті, Алашты қандай да бір дауларға, әсіресе діни мүдде көздеген дауларға сала берген мүлдем жөн емес».

Серікбол ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

«ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІНІҢ ҰСТАЗДАРЫ

УФА ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ҒАЛИЯ» МЕДРЕСЕСІНДЕ БІЛІМДІ, ПАРАСАТТЫ ОҚЫТУШЫЛАР САБАҚ БЕРДІ. СОНЫҢ АРҚАСЫНДА МЕДРЕСЕНІ БІТІРГЕН ШӘКІРТТЕР ДЕ СОЛАР СЕКІЛДІ САЯСИ САУАТТЫ, ҰЛТШЫЛ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСТЫ.



«Ғалия» медресесінің директоры Зия Камали Ислам негіздері, Ислам тарихы және психология пәндерінен сабақ берді. Араб тілінен – Закир Кадыри, Таки Бадыги, Хатимулла Фазылов, дін негіздерінен – Ходжатул-Хаким Махмудов, Эмин Хафаси, түркі халықтары тарихынан – Ахмет-Зәки Уәлиди, тарих пен географиядан – Фатих Сайфи, татар тілі мен әдебиетінен – Ғалымжан Ибрагимов, орыс тілінен – Жиһанша Абдюшев, Хазиахмет Байтереков, педагогика теориясынан – Фатима Девлеткелдиева, физикадан – Габдулла Сатаев, математикадан – Садық Сатаров, Фахри Габдулла, геометриядан – Гиният Терегулов, методикадан – Ғабдолла Шанаси, т.б. мұғалімдер оқытты.

Медресе мұғалімдері ішінде шәкірттерге, соның ішінде қазақ балаларына татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимов пен башқұрт қайраткері Ахмет-Зәки Уәлидидің шәкірттерге ықпалы зор болды. Олар шәкірттерге бағыт-бағдар беріп, қанаттандыра білді. Мәселен, Ғалымжан Ибрагимов «Ғалияның» шәкірті Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін ұнатып, ақындық талантын ерте таныды. Мағжанның шығармашылығын жоғары бағалап, оның алғашқы «Шолпан» жинағының 1912 жылы Қазандағы Кәрімовтер баспасынан жарық көруіне де ықпал етті. Ол өзінің «Қазақ қызы» деген романын жазарда Мағжанның «Айға» деген өлеңінің бір шумағын шығармасына эпиграф етіп алған. Мағжаннан ұстаздық ақылкеңесін аямай, білімін одан әрі толықтыра түсуіне ықпал еткен.

Ғалымжан мұғалім Бейімбет Майлиннің де әдебиеттегі жолын ашып, қолдау білдірген. Бұл жайында әдебиет сыншысы Бағашар Тұрсынбайұлы: «Татардың үлкен жазушысы, Биағаңның ұстазы Ғалымжан Ибрагимов «Садақтан» «Шұғаның белгісін» оқи сала, 20 жастағы шәкіртін ерекше ілтипатпен құттықтапты. Тіпті қайтара жаздырып, үлкен әдебиетке жол сілтеген», – деп жазған еді. Ғалымжан Бейімбетті татардың тамаша ақыны Сайфи Құдашпен достастырған. Сайфи Құдаштың: «Бейімбет егіздің сынарындай маған жақын еді», – деген сөзі бар.

1911 жылы «Түркі-татар тарихы» кітабын шығарған соң Ахмет-Зәкидің тарихшы ретінде аты шыға бастады. Сөйтіп Уфадағы «Ғусмания», «Ғалия» медреселері тарапынан мұғалім болу туралы ұсыныс түседі. Алайда бұл кезде Ахмет-Зәки бұл ұсынысты қабылдамады. «Түркі-татар тарихы» кітабы шыққаннан кейін Ахмет-Зәкиді қазақтың қайраткер ұлдары Әлихан Бөкейхан, Сәлімгерей Жантөрин, Шәңгерей Бөкеев үйіне қонаққа шақырған екен. Бұл жайында Уәлиди естелігінде: «Кітап шығыс және еуропалық дереккөздерді зерттеудің заманауи методологиясы негізінде түркілердің тарихи тағдырын жан-жақты бейнелеген еңбек ретінде бағаланды. Мен атап өткен Симбирден шыққан, Самара банкінің қызметкері Ибраһим Акчурин, сол кезде Самара банкінде қызмет атқарған Шыңғыс хан ұрпағы, қазақ Әлихан Бөкейхан, Бөкей Ордасынан шыққан Шәңгерей сұлтан, Уфада тұратын Сәлімгерей Жантөрин және сондай-ақ Уфада тұратын, Дербенттен шыққан генерал Шейх-Әли мені үйіне қонаққа шақырды. Самарқандағы редактор әрі баспагер Махмұд Қожа Бехбуди мен Уфадағы «Ғусмания» медресесінің басшысы Хайролла хазірет мені өздерінің оқу орындарына түркі халықтарының тарихынан дәріс оқуға шақырып, жоғары жалақы тағайындауды ұсынды», – деп жазады. Ахмет-Зәки Әлихан мен Сәлімгерейдің ұсынысын қабыл алып, үйіне қонаққа барған. Ол естелігінде Қазаннан жолға шығып, алдымен Самарадағы Әлиханға, сосын Уфадағы Сәлімгерейге барғанын, олардың өзін қуана қарсы алғанын жазады. Әлиханның үйінде үш күндей болып, «Түркі-татар тарихы» кітабын талқылаған, кітапқа қатысты ұсыныстарын тыңдаған.

Әлихан кейін Ахмет-Зәкиді тағы да үйіне шақырып, Ахмет Байтұрсынұлымен таныстырған. Бұл жайында Уәлиди естелігінде: «Мен Әлихан Бөкейханның үйінде бірнеше күн тұрдым. Оның үйінде Ахмет Байтұрсын да қонақ болып жүр екен. Біз ұзақ әңгімелесіп, түркі тарихына қазақ хандарының тарихын да енгізу мәселесін талқыладық. Бұл кездесу маған кітаптың екінші бөлігін жазуды бастауыма итермеледі», – дейді. Осы кездесуден кейін Ахмет-Зәкидің «Түркі-татар тарихы» кітабының жалғасын жазуға бел буған.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ахмет-Зәкиді әскерге шақырады. Әскерге баруға дайындалып жүрген кезінде мектеп мұғалімдерін әскери қызметтен босату туралы Патша жарлығы шығады. «Іздегенге – сұраған» дегендей, осы кезде Ахмет-Зәки Уфаға келіп, «Ғалия» медресесіне қызметке орналасады. Шәкірттерге түркі халықтары тарихынан сабақ береді. Бұл жайында өзі естелігінде: «Сол жерде медреседе оқытушылық қызметті бастағаннан кейін мен әскер қызметінен босатылғаным туралы құжат алдым. Осы медреседе түркі халықтарының тарихы мен түркі әдебиетінің тарихынан дәріс оқытуды ұйғардым. Шәкірттердің арасында өте қабілеттілері де болды. Кейіннен олар біздің саяси қозғалысымызға зор пайдасын тигізді», – деп жазды.

Иә, Уфадағы «Ғалия» медресесінде Ғалымжан Ибрагимов, Ахмет-Зәки Уәлиди секілді шәкіртінің шырағын жаға білген мұғалімдер сабақ берді. Олар қазақтың да талай қаймағын қаныттандырып, ұлттық элита өкіліне айналдырды. Медресені бітірген сол түлектер қазақ жеріне оқу-білімнің дәнін септі. Міржақып Дулатұлының «Осы күні қазақ арасындағы тәуір мұғалімдердің көбі – «Ғалия» медресесінің жемісі» дейтіні содан.

Әбу НАЗАР

Дүниежүзін мойындатқан Dастан

ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІН АРАЛАП, ЕРЕКШЕ ТАБИҒИ, ТАРИХИ ОРЫНДАРДЫ ТАСПАЛАП, ӘЛЕМ НАЗАРЫНА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛАН-ҒАЙЫР ДАЛАСЫН ДА ТАНЫСТЫРЫП ЖҮРГЕН ТРЕВЕЛ БЛОГЕР ДАСТАН МҰХАМЕДРАХЫМ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ? ФРАНЦИЯНЫҢ WIBA AWARDS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ «ҮЗДІК TRAVEL BLOGGER» НОМИНАЦИЯСЫН ЖЕҢІП АЛҒАН ДАСТАНМЕН ХАБАРЛАСҚАН ЕДІК.



«By Dastan» деп жүріп шынымен де «бай Дастанға» айналған тревел-блогер – негізінде өте қарапайым жігіт. Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданына қарасты Қызылкесік ауылында дүниеге келген ол 7-сыныпқа дейін туған өлкесінің топырағына аунап өсіпті. Бала күнінен қазақ тілі мен әдебиетіне жетік болып, көркем шығармаларды жата-жастана оқыған. Бүгінде сол зерек баланың әлемді аузына қаратып, ерекше бейнеөнімдері арқылы елді таңғалдырып отырғанына куәміз. Ал бүгінгі жетістігіне дейінгі жолы, алғаш дронмен түнгі Астана, мешіттерді түсіріп бастаған кезін Дастан былайша еске алды: «7-сыныптан кейін Семейдегі Білім-инновация лицейінде оқыдым. Қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығым осы пәннің мұғалімі болуға жетеледі. Арманым орындалып, екі жыл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен лицейде сабақ бердім. Қосымша SMM-мен айналысып, видео түсіруге қызығушылығым ояна бастады. Бір күні әлеуметтік желідегі жұмыстарыма қызығып, қабілетімді бағалаған Астанадағы «Білім-инновация қоры» видеограф ретінде жұмысқа шақырды. Ютубтан қарап жүріп дронмен видео түсіруді үйрендім. Сөйтіп түнгі Астананы гиперлапсқа түсіріп, жаңа тренд шығардым. Алғашқы оқырмандарым, 100-500 мың қаралымдар осы кезде жиналған болатын. Одан кейін елордамызда Республикалық бас мешіт ашылып, соны түсірген видеоларым бірден миллион қаралым жинады. Инстаграмдағы оқырмандарым екі-үш айда 150 мыңға жетіп, жан-жақтан, шет елдерден әртүрлі жобалар бойынша ұсыныстар түсе бастады».



Дастан дронмен видео түсіре бастаған кезінде басқаларды қайталауға тырысқанын жасырмады. Мәселен, түнгі Астананы гиперлапсқа түсіруді шетелдік контенттерге қарап әзірлеген. Бірте-бірте өзіндік талғамы қалыптасып, өзгелерге еш ұқсамайтын ерекше контент жасауға кірісіп, креатив жобаларды қолға алған. Қазіргі таңда Қазақстанның көз тартар табиғи көріністерін түсіріп, ішкі туризмге де сүбелі үлес қосып келеді. Ал шетелдік және отандық үлкен компаниялардың Дастан дайындаған видеоларға назар аударуының себебін кейіпкеріміз былай түсіндірді және жұмыс процесі жөнінде де аз-кем айтып өтті: «Қазіргі таңда адамдарды таңғалдыру қиындап барады. Әсіресе шығармашылық адамдарына күн сайын жаңа бірдеңе ойлап таппаса, аудиториясын ұстап отыру оңай емес. Менің видеоларымның негізгі ерекшелігі креативте деп ойлаймын. Ерекше монтаж бен видеоны ұсыну стилі. Мәселен, трендтерге сай рилс видеода жүгіру, билеу секілді іс-қимылдардың болуы көрерменге тек қана әдемі жерлерді көрсетіп қана қоймай, оған ерекше көңіл-күй де сыйлайтыны сөзсіз. Әлеуметтік желіні жүргізу барысында маркетолог мамандармен кеңесіп отырамын. Әйтсе де арнайы командам жоқ. Контенттерді көбіне өзімнің жеке идеяммен түсіремін. Локацияларға қатысты түрлі идеялар ойға келеді. Жаңа нәрселерді қосып отыруға тырысамын. Кадр сыртындағы сәттерді де қалт жібермей, сториз үшін де түсіреміз. Кейде кадр сыртындағы сәттің өзі арнайы әзірленген видеодан да қызығырақ болып кетеді. Ондай кезде көңіл аударту үшін рилстың басына қойып жібереміз. Саяхатшы болғаннан кейін көрікті жерлерге баруға тырысасың. Күн райы видеоның әдемі шығуына қатты әсер етеді. Сондықтан жаңбыр жаумаған, күн ашық, ақшамға таяу уақыттарда түсіруді жоспарлаймын. Бір сөзбен айтқанда жұмысымыз Алланың қалауымен іске асады».

Дастан – күні бүгінге дейін отызға жуық мемлекетті аралаған жиһанкез блогер. Оның рилс видеоларынан мешіттерді көптеп кездестіруге болады. Мәселен,

Мекке қаласындағы қасиетті әл-Харам мешітін, Стамбұлдағы Айя София, Сұлтан-Ахмет, Чамылжа сынды жеті-сегіз мешітті дронмен түсірген. Сондай-ақ жоғарыда өзі айтып өткендей, алғашқы миллион қаралым жинап берген ҚМДБ жанындағы Республикалық бас мешіт, одан бөлек Алматыдағы салынып жатқан зәулім жаңа мешіт те бар.

«Семейдің жаңа мешітін түсірдім. Шымкенттегі «Сейітжан қари» мешіті – мен түсірген ең ерекше, әдемі зәулім мешіттердің бірі. Алдағы уақытта көрікті жерлерді, үлкен мешіттерді, ерекше орындарды түсіру жалғаса береді. Негізгі мақсатым – Қазақстанды әлемге таныту болса, жақын уақытта дүниежүзіне танымал блогерлерді елге шақыруды жоспарлап отырмын. Олармен бірге видео түсіріп, сол арқылы еліміздің көрікті жерлерін, көркем табиғатын әлем халықтарына көрсетсек деген ойдамын» дейді тревел блогер.

Әлемдегі ең ықпалды блогерлер мен әлеуметтік желі жұлдыздарына берілетін беделді марапат WIBA Awards биыл отандасымыз Дастан Мұхамедрахымға бұйырып тұр. Марапаттау рәсімі алдағы 22 мамыр күні Канн кинофестивалінде өтеді. Бұл – әлемдік киножұлдыздар мен кинематографистер жиналып, қызыл кілеммен жүріп өтетін салтанатты жиын. Демек қазақ баласының мұндай ауқымды басқосуға арнайы шақырылып, беделді марапатты иеленуі еліміз үшін үлкен мәртебе болмақ. Ал шығармашылық өнімдері арқылы Қазақстанды ғана емес, қазақ тілін де ешқандай ұран, пафоссыз насихаттап жүрген Дастанға әлеуметтік желідегі көрермендері дән риза.

Ермұрат НАЗАРҰЛЫ



ГҮЛЗАДА СҰЛТАНҚЫЗЫ – КИМЕШЕК ТІГУДІҢ ШЕБЕРІ. КӨПБАЛАЛЫ АНАНЫҢ КИМЕШЕК ТІГУМЕН АЙНАЛЫСҚАНЫНА СЕГІЗ ЖЫЛДАН АСҚАН. БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮПКІР-ТҮКПІРІНДЕГІ АНАЛАР МЕН ӘЖЕЛЕР ГҮЛЗАДАНЫҢ ҚОЛЫНАН ШЫҚҚАН КИМЕШЕКТЕРДІ КИІП ЖҮР. ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ТІГІН ЦЕХЫН АШЫП, ҰЛТТЫҚ БАС КИІМ ТІГУ ӘДІСІН БАСҚАЛАРҒА ДА ҮЙРЕТІП ЖҮР. БІЗ ДЕ ГҮЛЗАДАДАН КИМЕШЕК ТІГУ МЕН ОНЫ КИЮДІҢ ҚЫР-СЫРЫН, ҰМЫТ БОЛА БАСТАҒАН ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДІ ҚАЛАЙ ЖАҢҒЫРТУҒА БОЛАТЫНЫН СҰРАДЫҚ.

Гүлзада СҰЛТАНҚЫЗЫ, *тігінші:*

КИМЕШЕКТІ ҚЫЗ ЖАСАУЫНА қосу керек

– Кимешек тігу үшін алдымен тігіншілік қабілет керек екені белгілі. Тігін өнерін қайдан үйрендіңіз?

– Тігіншілік анамнан дарыған шығар деп ойлаймын. Ауылда тұрғандықтан кішкентай кезімізде анам бізге әртүрлі киімдерді, көйлектерді өзі тігіп беретін. Біздің үйде аяқпен басқарылатын тігін машинасы болды. Оқушы кезімде алғаш рет сонымен тігіп үйрендім. Көрген нәрсені тез үйреніп алатынмын. Осылайша тігіншілікті анамнан көріп жүріп үйрендім. 2009-2010 жылдары перделер тігіп, сатумен айналыстым. Кейін ұлттық ас әзірлейтін мейрамханаларда, дәмханаларда аспаз болып та жұмыс істедім. Карантин кезінде Ақмарал есімді кимешек тігетін кісінің тігінші іздеп жүргенін естідім. Тігіншіліктен хабарым болған соң сол кісімен бірге етене жұмыс істеудің сәті түсті. Кимешік тігудің әртүрлі техникасын, әдісін сол кісіден үйрендім.

– Кимешек тігіп, оны елге ұсынған соң ұлттық бас киімнің тарихы туралы ізденетін шығарсыз. Қазіргі қыз-келіншектердің кимешек туралы білімі қандай?

– Кимешектің тарихы терең, қазір келіншектер, аналар кимешектің қадірін білмей жүргендейміз. Бір ғасырдан бері күнделікті тұрмыста бұл ақ жаулығымыз ескерілмей қалды. Кимешектің де түр-түрі болады. Мысалы, ақ жақты, қызыл кестелі, бүрмелі кимешек дегендей. Негізі кимешек ана атанған әйелдерге арналған. Қыз баласы ана атанғанда бір желекті кимешек түрін киген. Оның пішіні де ынғайлы. Екі-үш балалы болғанда желегі ұзындау, кеңдеуін киген. Кимешектің «күндігі» дейді, біреулер «төбесі» дейді, сол биіктеу болған сайын әйелдің дәрежесін білдірген. Бұрынғы кезде әшекейі көп, алтын түсті жіптермен көмкерілген кимешек ханның, бидің әйелдеріне тиесілі болған. Кестесіз, жай ғана ақ жағалы кимешекті жұбайы қайтыс болған әйелдер киген деген деректер де бар. Бұрындары аналарымыз кимешекті жақсы ниетпен қыз жасауына қосып берген. «Барған жерінде ертерек ана атансын, ақыл айтар данасына айналсын» деген ниетпен қыз жасауында кимешек те болған екен.

– Қазіргі уақытта кимешекке деген сұраныс көп пе? Тапсырыс жиі түсе ме?

– Бұрын кимешекке деген сұраныс аз болатын. Соңғы үш-төрт жылда бұл ұлттық өнімге деген көзқарастың өзгергенін байқадым. Басқа қалада болса да, іздеп тауып, тапсырыс беретіндер көбейді. Айта кету керек, әсіресе Ақтау мен Алматы, Атырауға жиі жібереміз. Тапсырыс көбейген соң, тігін цехын аштық. Аналарымыз өнімдерімізді киіп көрсін, сатып алуға ыңғайлы болсын деп ұлттық киімдер сататын «Ару-Кимешек» атауымен дүкен ісін де қолға алдық.

– Көбіне кимешекті ұлттық мерекелік шаралардан көреміз ғой. Ұлттық іс-шараларға өзіңізді жиі шақыра ма?

– Әртүрлі сәнді, кестелі, әшекейлі кимешектерді тігіп, насихаттап жүрген соң телеарналарға сұқбат беріп, түрлі сайыстарға қатысып жүрміз. Бір кездері «Шебер келін» атанғаным бар. Өзіңіз айтқандай, кимешекті мерекелік іс-шараларға арнап жиі тіктіреді. Ондай кезде, аз дегенде 6-8 кимешек алады. Алайда кимешек тек мереке кезінде кию үшін арналмаған. Сондықтан күнделікті тұрмыста да кию әдебін қалыптастыруымыз керек.

– Кимешек ақ матадан тігіледі. Ал матаны қайдан аласыздар? Кимешек тігу кезінде қандай қиындықтар болады?

– Мата біздің елде өте қымбат. Сондықтан арнайы тапсырыспен шет елдерден алдырамыз. Кимешек тіккенде материалдың түсіне және жұмсақ, жеңілдігіне мән береміз. Себебі киген-де денеге жайлы болуы керек. Кимешек ақ түсті матадан тігіледі. Қазіргі уақытта өзгертіп, түрлі түсті қылып тігіп жатқандар да бар. Мен бұны құптамаймын. Кимешектің сәні де ақ түсінде деп ойлаймын. Ақ түс – адалдықтың, тазалықтың белгісі. Алдындағы әшекейлері, кестелерінің түрлі-түсті болуы, әйелдің жасына қарай өзгеріп отырады. Кимешектің желбіршектері бала санына байланысты көбейіп отырған. Кимешектің артқы және алдыңғы өңірі болады. Оның да өзіндік мәні бар. Тігу әдістері де бар. Жоғарғы жағында маңдайшасы, төбешігі, суағары деген болған. Оны қазір көбі түсініп жатқан жоқ. Кез келген ақ орамалды кимешек деп сата береді. Біз кимешектің әр бөлігіне мән беруге тырысамыз. Әшекейлерін, моншақ тастарын, бәрін қолмен тігеміз. Кестелі кимешектерді де тігіп жатырмыз.



– Бүгінгі таңда көбіне қай жастағы әйелдер кимешекке тапсырыс береді?

– Біздегі қазіргі түсінік бойынша, көбі кимешекті 60-70 жаста ғана киеді деп ойлайды. Ал қазақ тарихында қыз баласы ана атанғаннан бастап кимешек киген. Тапсырыс әр кезде әрқалай. Көбіне егде тартқан аналарымыз, әжелеріміз алады. Үлкен кісілер мерейтойларына тапсырыс беріп жатады. Орта жастағы келіншектер, жас келіндер, көпбалалы аналар өз жасына сай кимешектің қадір-қасиетін түсініп кисе ғой деймін.

– Кимешектің қадір-қасиетін қалай арттырсақ болады? Оны насихаттауға байланысты қандай ой-ұсыныстарыңыз бар?

– Екі-үш жыл бұрын үлкен қызым: «Қасымдағы қыздарға кимешек тігемін десем, олар кимешек деген не деп таңғалады», – деп айтып келетін. Кимешек дегенді білмейтін жастарымыз да бар екенін сол кезде аңғардым. Мектептегі «Еңбекке баулу» сабағында ұлттық киімдер туралы көбірек айтылса, оқушылар оның тарихы туралы ізденіп, қолөнер шеберлері шақырылса, дұрыс болар еді. Кимешекті киіп көрсе, қыз баланың есінде қалады. Өзіміз де көбірек киіп, аналарымызға да алып берсек, ел алдында киіп жүрсе, көз де үйренеді. Өз ұлттық киімімізді ұрпағымыздың алдында өзіміз киіп жүріп насихаттамасақ, оны ешкім жасамайды. Одан кейінгі тағы бір айтқым келетін ой: кимешекті бұрынғы замандағыдай қыз жасауына қосып берсек, қандай өнегелі іс болар еді. Кимешекті қыз жасауына қосу – мағыналы, мәнді дүние. Әр ана қызына «өссін, өнсін, ақыл айтатын абыройлы ана болсын» деген тілегі мен ақ ниетін қосып береді деген сөз ғой.

– Алға қойған арман-мақсаттарыңыз қандай?

– Алла қаласа, тігін цехымды үлкейткім келеді. Қазіргі таңда бес тігінші қыз-келіншекті жұмыспен қамтамасыз етіп отырмын. Тұңғыш қызым да осы бағытқа икемі болған соң, бірнеше жылдан бері қасымда жүріп үйренді. Кимешек тігу процесін толығымен меңгерді. Екінші қызымда да қызығушылық пайда болып, үйреніп келеді. Біз тіккен өнімдерді алып, Алматы, Ақтау, Атырау мен Өскемен өңірінде сатып жатқан қыз-келіншектер бар. Тапсырыстар Қазақстанның түпкір-түкпірінен түсіп жатыр. Демек, бұрынғыдай емес, алға жылжу бар.

Сұхбаттасқан Айзат ЕРМЕККЫЗЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми газеті
Munara
Меншік иесі: «Munara gazeti» ЖШС
Директор Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ершат ОҢҒАР
Смайыл СЕЙТБЕКОВ
Батыржан МАНСҰРОВ
Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ
Марат БЕКТАЗИНОВ
Марат ЖАППАСБАЕВ
Ерболат ЖҮСІПОВ
Бақдәулет АБДРАХМАНОВ
Төлеби ОСПАН
Қуаныш СӘБИТ
Болатбек АБУ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Естай АЙТУҒАНҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Асқар МҰҚАНОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Қанат ҚЫДЫРМИН
Бектұрсын УӘЛИЕВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ

Бас редактор – Серікбол ХАСАН
Шеф редактор – Нариман АМАНЖОЛ
Шарығы редактор – Бауыржан ӘБДУӘЛІ
Жауапты хатшы – Елдар ҚАБА
Фототілші – Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Қарасаз, 3 «Munara» газетінің редакциясы
Пошта: munara@muftyat.kz
Телефон: 8 (7172) 999866
Жазылу индексі: 64747

Газет айына 2 рет шығады

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 08.10.2019 жылы тіркеліп, №KZ26VPY00015760 куәлігі берілген.

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді.

ТАРАЛЫМЫ – 21 500

Тапсырыс: №638
Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369 «Гамма-Принт» ЖШС
Тел: +7 (727) 247-98-30

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.